

**ӘЙЕЛДЕР ТҰРҒЫСЫНДА  
40 ХАДИС  
және  
ӘЙЕЛ ӘДЕБІ**

Мансұров Батыржан Берденұлы

Алматы 2009

УДК 297  
ББК 86.38  
Ә 38

Ә 38 **Әйелдер тұрғысында 40 хадис және Әйел әдебі / Құраст.:**  
**Б.Б.Мансұров.** – Алматы, «Хикмет» 2009. – 96 бет.

ISBN 978-601-7094-19-5

Бұл кітапшада Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.у.) әйел кісілер хақында айтқан хадистері мен өсиеттері және әйел баласына тән әдептілік қағидалар сөз етіледі. Өйткені әйелдер қауымы отбасы ынтымағының ұйытқысы һәм келешек ұрпақтың туын жоғары көтерушілер. Әрине ана болудың да өзіне тән ерекшеліктері бар. Әсіресе этикалық тұрғыдан алғанда әйел баласына қойылатын талап ер кісілерге қарағанда басым. Пайғамбарымыз (с.а.у.) өз хадисінде: *«Әйел бес уақыт намазын оқыса, Рамазан айында оразасын ұстаса, арнамысын қорғап және күйеуіне мойынсұнатын болса, жәннат есіктерінің қалағанына кіреді»* деген. Осы мақсатқа орай **«Әйелдер тұрғысында 40 хадис және Әйел әдебі»** деген атпен әзірленген бұл шағын еңбегімізде әйел кісілерге тән қасиеттер барынша қарастырылды.

Кітапша көпшілік оқырманға және келешек аналарға арналады.

УДК 297  
ББК 86.38

М 0403000000  
00(05)-09

ISBN 978-601-7094-19-5

## АЛҒЫ СӨЗ

*Аса қамқор ерекше мейірімді Аллаһтың атымен бастаймын!*

Адам баласын ана құрсағында бір тамшы судан жаратып, ең көркем түрде бейнелеген, күллі әлемнің жаратушысы, шексіз мейірімді, аса жарылқаушы Аллаһ тағалаға сансыз мақтау-мадақ болсын!

Жаратылған ғаламға ұлы шапағатшы адамзаттың ардақ тұтар тұлғасы, бүкіл ғұмырын Ислам жолына арнаған, ұлы мінез-құлық танытқан, пайғамбарлардың ең соңғысы Мұхаммедке (с.а.у.) сәлем жолдап, салауат айтамын!

Қазақстан тәуелсіздігін алып, егеменді ел болғалы бері дініміз едәуір дамып, әсіресе соңғы жылдары жалпы діннің де, діни мекемелердің де ықпалы өсіп, қоғамымыздағы саяси мәдениеттің қалыптасуына жәрдемші рөл атқарып келеді. Бұл дегеніміз Қазақ халқының рухани өмірінде Ислам мәдениетінің үлкен ізі бар екенінің айғағы. Ислам шариғатының қайнар көзі – Құран. Ал, пайғамбар хадистері Құран аяттарының астарлы, терең мағыналары мен түсу себептерін кеңінен қарастыратын ғылым. Хадис араб тілінде «жаңа», «сөз», «әңгіме» деген мағыналарды білдіреді. Яғни, хадис хазіреті пайғамбар Мұхаммедтің (с.а.у.) айтқан сөздері, істеген амалдары мен бір іске немесе оқиғаға байланысты берген шарғи үкімдері.

Қадірменді оқырман! Қолыңыздағы бұл кітапша екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.у.) әйел затына қатысты айтқан қырық хадисі түсінігімен қоса қамтылды. Сондықтан да бұл кітаптың бірінші бөлімін «Әйелдер тұрғысында 40 хадис» деп атадық. Әрине әйел тұрғысындағы барлық хадисті толық қамтыдық деуден аулақпыз. Теңіздің бір тамшысындай болса да халыққа пайдасы тиер деген мақсатпен өздеріңізге ұсынып отырмын. Ал кітаптың екінші бөлімінде әйелдерге тән әдептілік нормалар қарастырылды. Әсіресе, мұнда әйел кісілерге талап етілетін шариғат үрдісіне сай киім кию әдебі кеңінен сөз болды. Өйткені этикалық тұрғыдан алғанда әйел баласына қойылатын талап ер кісілерге қарағанда басым. Сонымен қатар ертеңгі келешек ұрпағымыз бүгінгі қыз балаларымыз бен аналарымыздың қолында болғандықтан өзге елдердің Ислам мәдениетіне жат қылықтарына еліктегеннен гөрі, рухани болмы-

сы жоғары әйел затына мұқтаждық бар. Сондықтан кітапшаның екінші бөлімінде «Әйел әдебі» туралы барынша сөз қозғауға тырыстық

Дегенмен Ислам дінінде әйел кісілердің орны ерекше. Ислам аналарды, әпке-жеңге, қарындастарды өз орнымен құрметтеп оларға қолдан келгенше жақсылық жасауға шақырады. Бұл сөзімізге дәлел ретінде Абдуллаһ ибн Омар (р.а.) пайғамбарымызға келіп: «Әй, Аллаһтың елшісі! Ең алдымен жақсылықты кімге жасайын?» - деп сұрағанда, Аллаһтың елшісі (с.а.у.): «Анаң» - деп жауап береді. «Одан кейін ше?» - деп сұрағанда «тағы да анаң» - дейді. Қайта сұрағанда «анаң» - деп тағы айтады. Төртінші рет сұрағанда барып, «әкеңе» - дейді. Тағы бір хадисінде: «Жәннат – аналардың аяғының астында» - деген.

Қазақ халқының да ұғымында отбасы, ошақ қасының, үй-іші тыныс-тіршілігінің берекесі, ұрпақ тәрбиесі адамгершілік қасиеттерімен тікелей ұштасып жатады. Осыған орай әйелдерге арнап дайындалған осы кітапша әйелдер қауымының имандылығын арттыруға өз септігін тигізер деген үміттемін.

Пайғамбарымыздың хадистері иман жүзді, салиқалы да ибалы әйелдерді мәңгілік жұмақпен сүйіншілесе, аналық мейірімін жоғалтқан, ар-ұят имандылықтан жүрдай болған жеңіл жүрістегі әйелдерді тозақ отымен ескертіп, жөнге келуді, түзу жолмен жүріп, отбасын құруға, қоғамда өз орнын табуға үндейді. Осы тұрғыдан алғанда Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадистерін халыққа түсіндіріп-жеткізу қаншалықты маңызды екені айтпаса да түсінікті болар.

Аллаһ тағаладан осы кішігірім еңбектің бұл дүниеде де, о дүниеде де біздер үшін пайдалы болуын тілеймін. Сондай-ақ осы кітапшаның жарыққа шығуына себепші болған кісілерге де шынайы алғысымды білдіремін.

Кітаптағы кейбір кемшіліктер жөнінде пікір туып, сын-ескертпелер айтылса, алдын ала алғысымды білдіремін.

**Ізгі тілекпен автор!**



# БІРІНШІ БӨЛІМ

*Әйелдер тұрғысында 40 хадис*



## Бірінші хадис

## Әйел кісілердің ең қайырлысы

عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ (ﷺ):  
«خَيْرُ نِسَاءِ أُمَّتِي أَصْبَحُهُنَّ وَجِهًا وَأَقْلَهُنَّ مَهْرًا»

## Мағынасы:

Айша анамыздан (р.а.) риуаят етілген хадисте Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: «Үмбетімнің әйелдерінің ішіндегі ең жақсысы – бет әлпеті әдемі әрі мәһрлері аз болғандары» (Фәйзул-Қадыр, хадис 4091).

## Хадиске түсініктеме:

«Мәһір»: Шариғат қағидасы бойынша ер кісінің болашақ жарына неке қияр сәтте беретін, әлде «беремін» деп уәделейтін әрі неке қиюдың дұрыс болу шарттарының бірі болып саналатын ақы. Мәһір тұрмысқа шыққалы отырған әйелдің өзіне ғана тиісті. Басқаша айтқанда, бұл ер кісінің әйелге берер сый-сияпаты десе де болады. Мәһірдің көптігіне шек қойылмайды. Бірақ ең азы ер кісінің шамасы жететін қандай да бір нәрсе болуы керек. Хазіреті Пайғамбар: (с.а.у.) «Мәһірдің абзалы аз болғандығы», деген.

Бұл хадистен тұрмысқа шыққалы отырған бойжеткеннің «мәһір маған берілетін сый-сияпат не сұрасам да өз еркімде» деп, болашақ күйеуін қиын жағдайға салып қоюы ынсапқа жатпайтынын аңғарамыз. Сондай-ақ, некелескеннен кейін де «сіз маған сыйлық алып берем деп уәде бергенсіз, ендеше алып беріңіз» деп, ер кісінің мазасын ала бермей, есіктен кіргенде жылы жүзбен қарсы алып, оның қас-қабағына қарап, отбасында ынтымақ-бірлік құруға шақырады. Міне, осындай ынтымақ-бірліктің ұйытқысы болып отырған әйел мұсылман үмбетінің ең қайырлы әйелі деуге болады.



**құзырынан шығудан қорыққан кісіге екі пейіш (жұмақ) бар»** (Рахман сүресі 46-аят). Кейбір тәфсіршілер аятта келтірілген екі жұмақ сөзінің біріншісі – шынайы жұмақ; ал екіншісі – дүниедегі жұмақ деп жорамалдайды. Мұсылман кісі үшін тақуалықтан кейінгі ең қайырлы нәрсе салиқалы әйел екендігі осы хадисте нақты айтылған. Сондықтан әйел кісі Аллаһқа құлшылық жасап, күйеуіне бағынып, сөзіне құлақ асса, оның салиқалы әйел екенін білеміз. Құран Кәрімде былай делінген: **«Жақсы әйелдер – бойұсынушы әйел. Аллаһ оларға қоруға бұйырған көрінбейтін нәрселерді қорғайды»** (Ниса сүресі: 34-аят).

Осы аяттағы «көрінбейтін» деген сөз ер адамның дүниемүлкі, әйел кісінің өз ар-намысы мен отбасының сыры. Әйел күйеуіне бағынғаннан кейін, оның көңілін көтеріп, оған жылы шыраймен қарап, әрбір ісіне мұқият болуы керек. Осындай бойында жақсы қасиеттері бар әйелді салиқалы әйел деп атайды.



### Үшінші хадис



#### *Әйел кісіні жұмаққа кіргізетін амалдар*

عَنْ أَنَسٍ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ (ﷺ): «إِذَا صَلَّتِ الْمَرْأَةُ خَمْسَهَا وَصَامَتْ شَهْرَهَا وَحَفِظَتْ فَرْجَهَا وَأَطَاعَتْ زَوْجَهَا دَخَلَتْ الْجَنَّةَ»

#### **Мағынасы:**

Әнәс бин Маликтен (р.а.) риуаят етілген хадисте Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) былай деген: *«Егер әйел кісі бес уақыт намазын оқып, рамазандағы оразасын ұстап, ар-намысын қорғап, күйеуіне бағынатын болса, жұмаққа кіреді»* (Мишкәтул-Мәсабиһ II том, 202 бет).



### Хадиске түсініктеме:

Жұмақ Аллаһ Тағаланың мүмин пендесі үшін дайындаған сый-сияпаты. Оған тек иман келтірген, иланған адам кіре алады. Жүрегінде бидайдың түйіріндей болса да иманы бар адам тозақта мәңгі қалмайды, соңында жұмақпен қауышады. Мүмин кісілердің имандары әр түрлі дәрежеде болғандықтан, барлығы бірден (бір мезетте) жұмаққа кіре алмайды. Олардың кейбірі ешқандай сұраусыз жұмаққа кіреді, сондықтан оларды «жұмаққа алғаш кіргендер, алғашқылар» деп атайды. Әйел затының осы алғашқылардың қатарынан орын алуы үшін, хадисте айтылғандай, екі ерекшеліктері болуы қажет. Біріншісі – Аллаһтың әмірін бұлжытпай орындау; екіншісі – күйеуінің көңілінен шығу. Бірінші міндетіне екіншісін орындау арқылы жетеді. Өйткені, Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): «Ант етіп айтамын! Әйел күйеуінің көңілін таппайынша, Раббысының сүйіспеншілігіне бөлене алмайды» - деген.

Бір күні мұсылман әйелдер жиналып, іштерінен біреуін Пайғамбарымыздың құзырына жібереді. Әлгі әйел: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Мен әйелдердің сізге жіберген елшісімін. Еркектердің жиһадтарына тең келерлік әйелдер үшін қандай амалдар бар? - дейді. Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Күйеуіне мойынсұнып өз ісін білсе жетіп жатыр. Мұны орындайтындар өте аз»* - деп жауап береді. Аллаһ Тағаланың әмірлерін орындап адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасау әрбір кісінің қолынан келе бермейді. Абдуллаһ бин Омардың (р.а.) жеткізген мына бір хадисінде Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) бұл туралы былай деген: *«Адамдар жұмысқа жарамайтын жүз түйе секілді»*. Бұл хадиске әр түрлі түсінік жасалған. Сол түсіндірменің бірі мынадай: дүниеде жүрегін бүтіндей ақыретке арнаған тақуа адамдар өте аз. Бұл мысалы, жұмысқа жарамайтын түйелердің саны көп болғанымен жарайтындарының аздығына ұқсайды деген сөз.

Аллаһ Тағаланың сүйіспеншілігіне бөленіп, күйеуінің көңі-

лінен шыққан әйелдердің, өзге әйелдерден айырмашылығын Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) былай білдірген: «Салиқалы әйелдің өзге әйелдерден айырмашылығы: олар қос қанатты ақ қарғаға ұқсайды, яғни екі қанатты ақ қарға көзге ерекше көрінгені секілді салиқалы әйел де сондай ерекше көрінеді» дегенге келеді.



### Төртінші хадис

#### **Салиқалы әйел – дүние өткіншілерінің ең қайырлысы**

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَمْرٍو بْنِ الْعَاصِي: أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ (ﷺ) قَالَ:  
«الدُّنْيَا مَتَاعٌ وَخَيْرُ مَتَاعِهَا الْمَرْأَةُ الصَّالِحَةُ»

#### **Мағынасы:**

Абдулла бин Әмірдің (р.а.) айтуынша Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): «Дүние өткінші. Дүниедегі өткіншілердің ең қайырлысы - салиқалы әйел» деген (Мұслим, Рида 64).

#### **Хадиске түсініктеме:**

Хадистің арабша мәтініндегі «мәтәун» сөзі алтын мен күміске жатпайтын жерге төселінетін бұйым дегенге саяды. Біраз уақыт пайдаланғаннан кейін түтеп ескіріп кететін өткінші нәрсе дегенді білдіреді. Құранда дүниенің жалған екендігі жайында былайша баяндалады: «Шынында дүние тіршілігі алданыштың ғана нәрсесі, яғни өткінші» (Әли Имран сүресі 185-аят).

Адам баласы базардан көрген матасын ұнатып алады, сосын тағы басқасына көзі түсіп тұрады. Мысалы, тәбеті тартып тұрған жеміс-жидектер де дәл солай. Қызығып алып жегеннен кейін оның да өткіншілігін түсінесің. Бірақ, бір өкініштісі дүниенің жалғандығы мен өткінші ләззатының азғана уақыт екенін мойындамай, алданып жүргендер қаншама?! Ал ақыретті дүниеге

айырбастамайтын мүмин кісілердің жөні бөлек әрине, олар бұл дүниеге алданбайды. Мұндай бақытты жандар жайлы Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) былай дейді: *«Жақсы мал-мүлік жақсы адамдар үшін өте лайықты»*.

Саликалы әйел деп арлы, діндар әрі тәрбиелі әйелді айтамыз. Мұндай әйел өмір бойы күйеуінің қас-қабағына қарайды. Оның шаңырағында ұрыс-керіс болмайды, керісінше ынтымақ-бірлік орнайды. Ал күн сайын үйінде ұрыс-керіс болатын ер адамның қаншалықты көп байлығы болса да, ол үшін ең жақсысы саликалы әйелдің болуы хадисте ашық баяндалған.

Хазіреті Пайғамбар бір хадисінде былай деген: *«Үш нәрсе адамды бақытты қылады: салиқалы әйел, тамаша үй және жақсы көлік. Тағы бір үш нәрсе адамның бақытсыздығын білдіреді: жаман әйел, жаман үй, жаман көлік»*.



### Бесінші хадис

### Кристалл

عَنْ أَنَسٍ قَالَ: كَانَ رَسُولُ اللَّهِ (ﷺ) فِي بَعْضِ أَصْفَارِهِ، وَعُغْلَامٌ أَسْوَدٌ يُقَالُ لَهُ أَنْجَشَةُ، يَحْدُو، فَقَالَ لَهُ رَسُولُ اللَّهِ: «يَا أَنْجَشَةُ رُوَيْدَكَ سَوْقًا بِالْقَوَارِيرِ»

#### Мағынасы:

Әнәс бин Малик былай дейді: Хазіреті Пайғамбар сапарда жүрген болатын. Әнжәшәһ есімді қара құл түйелерді жетекке алып келе жатқан еді. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): *«Әй, Әнжәшәһ, шыны мінген жануарларды жайлап айда!»* - деді. (Бұхари, Әдеп 95; Мұслим, Фадаил 70)

#### Хадиске түсініктеме:

Хадистің арабшасындағы «қауарир» сөзі «қарура» сөзінің

көпше түрі. Шыныдан жасалған ваза сияқты асыл бұйым деген мағынаны білдіреді. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) әйелдер әлсіз нәзік жан болғандықтан әрі дереу ренжігіш келетіндіктен оларды вазаға теңеп ұқсатқан. Бұл хадисті хадисшілер екі түрлі жорамалдайды:

1. Көпшілігі түйеші Әнжәшаның өте әдемі даусы болған дейді. Ол түйелерді айдағанда (жетектеп жүргенде) әйелдерге арнап өлең шығарады екен. Мұны естіген әйелдердің жүректерінде махаббат сезімі оянып, бүлік шықпасын деген мақсатпен Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) Әнжәшаға ескерту жасаған. Өйткені, арабтардың арасында «өлең – зинаның атасы» - деген қанатты сөз бар. Ал, кейбір хадисші ғалымдар хадистің негізгі мағынасы түйелерді жәй жүргізу дейді. Өйткені, түйелер түйешінің әнін естігенде әсерленіп жылдам жүретін болған.

Жылдам жүргенде жолаушыларды қатты теңселтіп шаршатады. Сондықтан Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) Әнжәшаға ескерту жасап түйелерді жәй жүргізген.

2. Ислам тұрғысынан әйел затына ерекше көңіл бөлетіндігін және оларға құрмет көрсетуді осы хадистен айқын байқауға болады. Ислам әйел баласына ол мейлі жас қыз болсын немесе әйел кісі болсын яки ана болсын, оларға қандай жағдайда да ілтипат көрсетіп құрмет тұтады. Исламның әйел затына ана ретінде ерекше мән бергенін Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) мына хадисінен көре аламыз: *«Жұмақ – аналардың аяғының астында»*.

Қоғамның бақытты ғұмыр кешуіне аналардың ерекше рөлі бар. «Әйел бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген сөз қандай тамаша айтылған! Әйел кісі жанұяға жарық беретін нұр секілді деп айтсақ артық болмас. Өйткені, жанұяға жылу беріп, айрандай ұйытып отыратын әйел.

## Алтымыш хадис

**Бала тәрбиесіндегі басты негіздер**

عَنْ عَلِيٍّ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ (ﷺ): «أَدَّبُوا أَوْلَادَكُمْ عَلَى ثَلَاثِ خِصَالٍ: حُبِّ نَبِيِّكُمْ، وَحُبِّ أَهْلِ بَيْتِهِ، وَقِرَاءَةِ الْقُرْآنِ، فَإِنَّ حَمَلَةَ الْقُرْآنِ فِي ظِلِّ اللَّهِ يَوْمَ لَا ظِلَّ إِلَّا ظِلُّهُ مَعَ أَنْبِيَائِهِ وَأَصْفِيَائِهِ»

**Мағынасы:**

Хазіреті Алиден (р.а.) риуаят етілген хадисте Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) былай дейді: *«Балаларыңыздымына үш көркем мінезге тәрбиелеңіздер: Пайғамбар мен оның туған-туыстарына деген сүйіспеншілікке және Құран оқуға деген сүйіспеншілікке. Өйткені, (Құранды жаттап алған кісілер) ешқандай көлеңкесі жоқ қиямет күнінде Аллаһтың пайғамбарлары мен таңдаулы құлдарының қатарында Аллаһтың көлеңкесінде болады»* (Кәңзул-Уммал, хадис 45409).

**Хадиске түсініктеме:**

Балаларымыз дүниеге келгенде жақсы тілектер айтылып, бауы берік болсын, Аллаһ Тағала жасын ұзақ қылсын деп бата беріледі. Бала ата-ананың қуанышы әрі Аллаһтан берілген өмірдегі ең үлкен нығметтердің бірі екендігі сөзсіз. Ата-анасының ыстық алақанын, ыстық құшағын аңсап өмірдің тауқыметін тартып, бұрыс жолдың құрбаны болып кеткен жетімдер қаншама. Солардың қатарына ата-анасы балаға дұрыс, жақсы тәрбие бермеген балаларды да кіргізе болады. Олардың жағдайы тұл жетімдерден ешқандай айырмашылығы жоқ. Өйткені, олар әйтеуір түптің түбінде жағымсыз іске бой алдырады. Сондықтан ата-ана дүниенің соңына түсіп, бала тәрбиесінен қол үзбеуі керек. Оларды әке-шешесі бар жетімдердің қатарына қосып, өз алды-

на жібермеу қажет. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): *«Балаларыңа қамқорлық көрсетіп, жақсылап тәрбиелеңдер»*, деп бұйырған. Тәрбие негіздерінің алғашқысын өзіне деген сүйіспеншіліктен бастаған. Сондықтан мұсылман жанұяның басты міндеті, ең алдымен, Хазіреті Пайғамбарға деген сүйіспеншілікті үйрету. Оған деген сүйіспеншілік оянбаса, өзгелерге сүйіспеншіліктің пайдасы шамалы болмақ. Бұл тұрғыда Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай деген: *«Сендерді шексіз ризықтандырған Аллаһ Тағаланы жақсы көріңдер. Мені Аллаһ Тағаланы жақсы көргендерің үшін жақсы көріңдер, туған-туыстарыңды мені жақсы көргендерің үшін жақсы көріңдер»*. Ол өзіне және әлі бәйтіне отбасына деген сүйіспеншіліктен кейін балаларды Құран оқуға деген ынта-жігерін арттыруды атаған. Міне, осы аталғандарды баланың жүрегіне орнықтырып, оңды нәтиже беру үшін ең алдымен анаға көп міндет жүктеледі, яғни ананың хадиске лайықты болуы шарт. Орай келгенде Аллаһтың сүйікті құлының басынан өткен мына өнегелі оқиғаны айта кетелік. Пайдалы болады деген үміттемін. Аллаһтың сүйіспеншілігіне бөленген таныс кісінің қалын сұрап барғанымызда бізге былай деген еді.

Бала кезімде ата-анам мені мектепке оқысын деп жіберетін. Бір күні анамның аяқ-киімінің табанын тазалап жатқанын көрдім де таңырқап:

«Ана, не үшін табанын тазалап жатырсыз?» - дедім.

Анам:

- Құлыным, сен білім алу үшін мектепке бара жатқаныңда періштелер қанатын сенің табаныңа жаяды. Олардың қанаттары кірленбесін деп жатқаным ғой, - деді.

Хазіреті Пайғамбар: *«Кімде-кім Құранды оқып, ондағы айтылған әмірлерді мұқият іске асырса, қиямет күні Аллаһ Тағала оның әке-шешесінің басына тәжі кигізеді. Тәждің жарығы сондай күннің жарығынан әлдеқайда жарық, Құранмен амал еткеннің жөні бір бөлек»* деген.

Ей, мұсылман ханым! Дүниенің өткінші қызығына емес, ақыреттің таусылмас қызығына көңіл бөл! Сондай-ақ Құранды үйреніп, онымен амал жасаған балалардың себебімен жұмақтың патшасы деген сый-сияпатқа ие болатыныңды ұмытпа! Хазіреті Пайғамбардың өз қолымен басыңа кигізген тәжін алып тастама!



### Жетінші хадис



#### Үш топ әйел

عَنْ ابْنِ عُمَرَ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ ﷺ: «النِّسَاءُ ثَلَاثَةٌ أَصْنَافٌ: صِنْفٌ كَالْوَعَاءِ تَحْمِلُ وَتَضَعُ وَصِنْفٌ كَالْعُرِّ وَهُوَ الْجَرْبُ، وَ صِنْفٌ وَدُودٌ وَوَلُودٌ مُسْلِمَةٌ تُعِينُ زَوْجَهَا عَلَى إِيْمَانِهِ وَهِيَ خَيْرٌ لَهُ مِنَ الْكَنْزِ»

#### Мағынасы:

Абдуллаһ бин Омардың (р.а.) айтуынша Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Әйелдер үш топқа бөлінеді: Бірінші топтағы әйелдер қап секілді, құрсақ көтереді әрі босанады. Екінші топтағы әйелдер – жалқау әйелдер. Үшінші топтағы әйелдер – көңілді құрсақ көтеретін иман жүзділер. Құйеуіне иман тұрғысынан жәрдемші болады. Мұндай әйелдер құйеуі үшін қазынадан да қайырлы» деген (Көңзүл-Уммал, хадис 44591).

#### Хадиске түсініктеме:

Адамдар әр түрлі қабілетте жаратылған. Осы шындықты Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) былайша баяндайды:

«Аллаһ Тағала Адам атаны жер бетіндегі барша топырақтың түр-түрінен алынған бір уыс топырақтан жаратқан. Сондықтан адамдар әртүрлі қалыптасқан: кейбірі қара, кейбірі ақ кейбірі сарғыш, кейбірі осылардың барлығына ортақ түсте жаратылған. Мінездері жағынан да көңілді, тыңлы, жаман-

*жақсы қабілетте болуының себебі де осында жатыр».*

Бұл жайлы Хазіреті Омар (р.а.) Самура бин Жудептен риуаят етілген сөзінде былай деген: «Еркектер де әйелдер де үшке бөлінеді. Әйелдерге келер болсақ; бір бөлімі арлы, иман жүзді және мейрімді әрі бала сүйетіндер. Қиын қыстау кезендерде күйеуіне сүйеніш болып, жәрдем береді. Бірақ, мұндайлардың саны өте аз. Екінші бөлімдегі әйелдер тек бала табудан басқа ештеңе білмейді. Ал қалған бөлімдегі әйел болса өте жалқау әрі істеріне салқын қарайды. Аллаһ Тағала мұндай әйелді қалаған құлына береді, қалаған кезінде ол әйелді күйеуінен ажыратып алады».

Жаман әдет пен мінез-құлықтың өзгеретіндігі жайлы аяттарда, көптеген ғалымдардың зерттеулерінде және тәжірибелерінде көптеп айтылған. Сондықтан жағымсыз қылықтарымыздан арылып, Аллаһтың сүйікті құлы болуға тырысуымыз керек. Жанұядағы кез-келген мәселеде Аллаһтан жәрдем сұрап, Оның әміріне мойынсұну керек. Адам баласының пешенесіне жазылған тағдыры бар, яғни шектеулі өмірі бар. Уақыт келе бұл берілген мерзім бітіп, о дүниеге аттанамыз. Үйлену, бөлкім, тағдырдың сылаң қағу жақтары шығар.

Бір күні Хазіреті Пайғамбарға (с.а.у.) үйленгісі келген бір жігіт келіп былай дейді:

«Уа, Аллаһтың Елшісі! Үйленетін уақытым жетті, маған лайықты қыз нәсіп ету үшін дұға жасайсыз ба?

Хазіреті Пайғамбар:

*Егер саған Исрафил, Жәбрайл, Микайл және өзге періштелер дұға қылса, мен де соларға қосылып дұға қыламын. Бірақ Аллаһ Тағаланың сенің пешенеңе жазғанынан басқаға үйлене алмайсың»* деп жауап береді.



## Сегізінші хадис

## Жұмақтық әйел

عَنْ عَطَاءِ بْنِ أَبِي رَبَّاحٍ قَالَ: قَالَ لِي ابْنُ عَبَّاسٍ: أَلَا أُرِيكَ إِمْرَأَةً مِنْ أَهْلِ الْجَنَّةِ؟ قُلْتُ: بَلَى. قَالَ هَذِهِ الْمَرْأَةُ السُّودَاءُ. أَتَتْ النَّبِيَّ (ﷺ) قَالَتْ: أَنِّي أَصْرَعُ. وَ إِنِّي أَتَكَشَّفُ. فَادْعَ اللَّهَ لِي، قَالَ: إِنْ شِئْتَ صَبِرْتَ وَلَكَ الْجَنَّةُ. وَإِنْ شِئْتَ دَعَوْتُ اللَّهَ أَنْ يُعَافِيكَ. قَالَتْ: أَصْبِرُ قَالَتْ: فَإِنِّي أَتَكَشَّفُ فَادْعُ اللَّهَ أَنْ لَا أَتَكَشَّفُ. فَادْعَا لَهَا

**Мағынасы:**

Ата бин Аби Раббах былай дейді: Маған ибн Аббас:

- Саған жұмақтық әйел көрсетейін бе? - деді.

- Иә, иә! - дедім.

- Анау қара әйел - деді. Ол әйел Хазіреті Пайғамбарға (с.а.у.) барып: менің көпірме ауруым бар. Мен ашыламын (Есімнен талып құлағанда үстім ашық қалады). Одан құтылу үшін Аллаһқа дұға ет, деді. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): «*Сабыр ет жұмаққа кіресің. Егер қаласаң саған шита беру үшін Аллаһқа дұға қылайын*» - деді (Бұхари, Мәрда 6; Мүслим, Бирр 54).

Әйел: «сабыр етемін, бірақ мен ашыламын. Аллаһқа дұға жасаңыз, мен ашылмайтын болайын» - деді. Пайғамбарымыз да оған дұға жасады.

**Хадиске түсініктеме:**

Хазіреті Пайғамбарға (с.а.у.) барған қара әйел Суайра есімді Хабаши тегінен шыққан әйел екендігі жайында деректер бар. Ғалымдардың айтуынша, көпірме ауруы медициналық ауру болып саналады. Ондай адам жүректің қысылып ауруы нәтижесінде ауа жетпей есінен айырылып құлайды. Кей-

де мұндай ауру жың қаққанда болады. Жындар жақсы көрген адамдарын осындай ауруға ұшыратады. Сондай-ақ, адамдар жындарды көре алмағандықтан, олардың отырған жеріне кіші дәрет сындырып немесе ыстық су төккендіктен, оларды ашуландырып осылай жазалайды. Сондықтан Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): *«Жылан, шаян, кесіртке сияқты жәндіктер жың тектес жәндіктер. Кімде-кім осылардың біреуін үйінде көрсе оған үш мәрте: бұл жерден дереу кет! десін. Егер оған кетпейтін болса оны өлтірсін. Өйткені ол – шайтан»* - деген.

Жоғарыдағы хадисте Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) дұға сұраған әйелге екі жол ұсынған. Егер қаласаң, сабыр ет немесе шипаны қала деп ерік берген. Дәл осындай жайт көзі көрмейтін адам жайлы да болған.

Имам Биргиуи «Тариқатул Мухаммадия» атты еңбегінде осы жайтқа байланысты мынадай баға берген: Адамға кесірін тигізетін нәрселерден құтылудың үш жолы бар:

1. Нақты: аштық пен шөлдегеннен нан мен су арқылы құтылуға болады.

2. Нақты емес (мүмкін): қан алдыру, ыстықты суықпен, суықты ыстықпен емдеу және жазылармын деген үмітпен дәрі қолдану.

3. Қиялдау арқылы: от жағып, түтін түтетіп ыстау арқылы емдеу.

Осылардың ішіндегі нақтыны мойындамау тәуекел еткенге жатпайды. Тіпті харам болып есептеледі. Ал қиялдау жолын мойындамау тәуекел етудің шартына кіреді. Өйткені Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) қиял жолы арқылы емделуді мойындамағандарды тәуекелге жатқызған. Жазылармын деген ниетпен орындалатын екінші жолға келер болсақ, мұны «медициналық жолмен емделу» десек те болады. Мұны қолдану тәуекелге ешқандай кедергі келтірмейді әрі мұны қолданбаудың ешқандай әбестігі жоқ. Бұл деген сөз барлық нәрсені жаратқан және қиындықтарды жеңілдеткен Аллаһ Тағала екенін ұмытпау.

Яғни, мұндай қиындықтарға душар болған кезде Аллаһ Тағалаға тәуекел ету әрине орынды. Бірақ шыдамдылықпен сабыр еткен мұсылман аурудың дертін тек Аллаһ Тағаладан тілесе, сөзсіз, ол сауапты іс. Егер бұлай болмаса Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) ол әйелге сабыр ет деп айтпас еді.

Қорыта айтар болсақ, дәрігерлер мен дәрінің ауруға шипа беруі нақты себеп бола алмайды. Ал сабыр етіп, дәрі қолданбаған жағдайда мұсылман күнәһар болмайды. Бірақ дәрігер мен дәрінің себепші екенін біле отырып, шипа беруші Аллаһ Тағала деп ойлағаннан кейін дәрі ішу тәуекелге кедергі болмайды. Өйткені Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): «*Аллаһ Тағала берген әрбір дертінің шипасын да береді*» - деген. Сондай-ақ емделудің де бірнеше жолын көрсеткен. Оның өзінің де кейде дәрі-дәрмек ішкен кездері болған. Кейбір хадис кітаптарында медицина жайлы бөлімнің орын алуы бұған айқын дәлел бола алады. Бірақ, сонда да хабашилік әйел секілді шешім қабылдау – үлкен ерлік. Мұндай іске бел буу екінің бірінің қолынан келе бермейтіндігі тағы бір шындық. Өйткені басқа түскен бәлекетке сабыр ету әркімнің қабілеті мен түсінігіне қарай өзгереді. Жаратушы Аллаһ Тағала басқа түскен ауыр іске сабыр сақтаған адамның дәрежесін көтеретінін ұмытпаған жөн.

Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.): «*Аллаһтан денсаулық сұраңдар*» дегеніндей Аллаһ Тағаладан үнемі екі дүниенің амандығын сұрауымыз керек.

## Тоғызыншы хадис

**Үйленетін қалыңдықтың бойында  
болуы тиіс сипаттар**

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ (ﷺ) قَالَ: «تُنكَحُ الْمَرْأَةُ لِأَرْبَعٍ:  
لِمَالِهَا وَلِحَسَبِهَا وَلِجَمَالِهَا وَلِدِينِهَا فَاظْفَرِ بِذَاتِ الدِّينِ تَرَبَّتْ يَدَاكَ»

**Мағынасы:**

Әбу Һұрайрадан (р.а.) риуаят етілген хадисте Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) былай дейді: *«Әйелдің төрт нәрсесіне қарап некелесу керек: мал-мүлкіне, тегіне, сұлулығына және діндарлығына. Сен мүмкіндігің барыңша діндарды таңда»* (Бұхари, Неке 15).

**Хадиске түсініктеме:**

Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) үйленетін жас жігіттерге әрдайым сыртқы сұлулықтан гөрі ішкі жан дүниенің сұлулығына қарауды өсиет еткен. Өйткені жанның сұлулығы ескірмейді, әрі нағыз сұлулықтың өзі болып есептеледі. Ал сыртқы келбет көп уақыт өтпей гүл секілді солып, өз кейпінен айырылады. Әдемілігі таңданарлықтай дәрежеде болса да, күндердің күнінде қараусыз халге келетіндіктен шынайы бақытқа жеткізе алмайды.

Хазіреті Пайғамбардың үйленетіндерге айтқан өсиеттерінің бірі: *«Әйелдердің сұлулығына бола некелеспендер. Оның сұлулығы мінезінің өзгеруіне алып баруы мүмкін. Оларға дүние-мүлкіне бола үйленбеңдер, дүние-мүлік оларды азғындыққа соқтыруы мүмкін. Әйелдерге діндарлығы үшін үйленіңдер. Жыртық киімді қара әйел болса да діндар әйел әлдеқайда артық»*.

Әйел кісі де ер кісінің бойынан діндарлық сипатын іздеу керек. Пайғамбарымыз бұл тұрғыда: *«Сендерге діні мен мінезіне көңілдерің толарлық ер жігіт қыз сұрап келсе, оған қыздарыңды беріңдер. Егер бұлай істемесеңдер жер бетін жанжал жайлайды»*.

Сонда бір сахаба:

- Уа, Аллаһтың елшісі! Егер ол кедей әрі тексіз болса да ма? - деп сұрағанда Хазіреті Пайғамбар:

- *Сендерге діні мен мінезіне көңіл толарлық ер кісі қыздарыңды сұрап келсе, қыздарыңды беріңдер»* деп үш рет қайталады.

Хадиша анамыз Хазіреті Пайғамбарымызбен жесір ретінде тұрмыс құрса да оған дүние-мүлкімен жәрдем беріп, Пайғамбардың өмірінде ұмытылмастай із қалдырған. Оған деген сүйіспеншілігінің күштілігі соншалық, тіпті онымен сөйлесуге рұқсат сұрап келген Хуайлидің қызы Халаның даусын естігенде, оның даусын бибі Хадишаның даусына ұқсатып қуанғанынан тұла бойын еріксіз діріл билеген екен.

Сонда Айша анамыз оның бұл әрекетін қызғанып, «оны неге мұншалықты төбеңе көтересің?» дегенде, Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) оның бұл сөзіне ашуланып, Хадиша жайлы «Мен оны өте жақсы көремін» деп Хадишаның жан дүниесінің сұлулығын жайында сақтаған.

**Онғыншы хадис**

**Сүйкімді үш нәрсе**

عَنْ أَنَسِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ (ﷺ): «حُبِّبَ إِلَيَّ مِنَ الدُّنْيَا: النِّسَاءُ وَ الطَّيِّبُ وَ جُعِلَ قُرَّةَ عَيْنِي فِي الصَّلَاةِ»

**Мағынасы:**

Әнәс бин Маликтен (р.а.) риуаят етілген хадисте Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) былай депті: *«Маған дүниеде үш нәрсе ерекше сүйкімді: әйел, хош иіс және көзімнің нұры болған намаз»* (Ахмед ибн Ханбәл 3/128, 199; әп-Нәсай, Нәшратун-Ниса 10).

### Хадиске түсініктеме:

Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): «*Маған дүниеде үш нәрсе сүйкімді*» дегенде ең алдымен әйелді айтқан. Өйткені, үмбетінің көбеюі мен Ислам дінінің құпия сырларын білу әйелдер арқылы болмақ. Мұсылман әйелдер ерлерден сұрауға ұялатын нәрселерін білімді әйелдерден сұрап үйренеді. Осылайша Исламның кең етек алып таралуына өз септіктерін тигізеді. Ақыретте ең көп үмбет Пайғамбарымыздың (с.а.у.) үмбеті болады. Өйткені, Хазіреті Пайғамбар: «*Үйленіңдер, көбейіңдер, нәсіл таратыңдар! Қиямет күні сендердің көптіктеріңді мақтанғыш тұтамын*» деген. Тағы бір хадисте:

«*Әйелі жоқ кедей – нағыз кедей*» - дейді.

Сонда бір сахаба:

- Мал-мүлкі болса да ма? - деп сұрайды. Пайғамбарымыз (с.а.у.):

- *Малы көп болса да* - деп жауап беріп сөзін былай деп жалғастырады:

- *Құйеуі жоқ әйел де – кедей, кедей*. Сахабалар:

- Мал-мүлкі көп болса да ма? - деп сұрады. Пайғамбар (с.а.у.):

- *Малыкөпбалсада*, - деп жауап береді. Мұнда Пайғамбарымыз үйленіп отау тігудің маңыздылығын білдірген, тілге тиек еткен. Екінші ретте хош иісті айтуының себебі: хош иістің періштелердің тамағы болғандығын, яғни Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) тәндік тұрғыдан әйелдің, рухани тұрғыдан хош иістің сүйкімділігін баяндайды. Бірақ, осылардың арқасында намазға ерекше орын берген. «Көзімнің нұры болған намаз» деген сөзінен мұны айқын көруге болады.

Аллаһ Тағала Құранда былай деген: «**Әй, мұминдер! Сабыр және намазбенен Аллаһтан жәрдем тілендер. Күдіксіз Аллаһ Тағала сабыр етушілермен бірге**» (Бақара сүресі: 153-аят). Хадисте баяндалғандай Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) басына қиын-қыстау іс түскенде намаз оқитын делінген.

Намаз, дүние мен ақыретте мүминдер үшін көздің нұры етілген. Мүминдер осы нұрдың себебімен жұмаққа кіретіндіктері де айтылған.



Он бірінші хадис

**Хазіреті Пайғамбарға (с.а.у.) ең жақын адам**

عَنْ جَابِرِ بْنِ عَبْدِ اللَّهِ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ (ﷺ): «إِنَّ مِنْ أَحَبِّكُمْ إِلَيَّ وَأَقْرَبِكُمْ مِنِّي مَجْلِسًا يَوْمَ الْقِيَامَةِ أَحْسَنُكُمْ أَخْلَاقًا. وَإِنَّ مِنْ أَبْغَضِكُمْ إِلَيَّ وَأَبْعَدَكُمْ مِنِّي مَجْلِسًا يَوْمَ الْقِيَامَةِ الثَّرَاوُونَ، وَالْمُتَشَدِّقُونَ، وَالْمُتَفِيهِقُونَ!»  
 قَالُوا: يَا رَسُولَ اللَّهِ! قَدْ عَلِمْنَا الثَّرَاوُونَ وَالْمُتَشَدِّقُونَ، فَمَا الْمُتَفِيهِقُونَ؟  
 قَالَ: «الْمُتَكَبِّرُونَ»

**Мағынасы:**

Жәбір бин Абдуллаһтан риуаят етілген хадисте Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): «*Расында сендердің маған ең жақсыларың әрі қиямет күнінде ең жақын болатындарың – әдеп тұрғысынан ең көркем болғандарың. Сондай-ақ сендердің маған ең сүйкімсіз болғандарың әрі қиямет күнінде менен ең ұзақ болатындарың арсыз әрі ұрттарын тартайтып сөйлейтіндер және «мутәфәйһиқун» болғандарың»* деген. Сонда сахабалар:

Уа, Аллаһтың елшісі! Біз арсыздар мен ұрттарын тартайтып сөйлейтіндерді жақсы біліп алдық бірақ «мутәфәйһиқун» дегеніңіз кімдер болғаны? - дейді. Пайғамбарымыз: Олар «тәкәшпарлар» деп жауап береді (Тирмизи, Бирр 71; Ахмед ибн Ханбәл 4/193, 194).

**Хадиске түсініктеме:**

Аллаһ Тағала және Оның ең соңғы пайғамбары болған

Мұхаммедті (с.а.у.) дүниедегі барша нәрседен де артық жақсы көру иман ләззатын алуға жетелейді. Иманы кәміл мүмин үшін бала-шаға мен мал-мүліктен де Пайғамбарға деген сүйіспеншілік қашанда да жоғары тұрады. Осыған байланысты Пайғамбарымыздың айтқан мынадай бір хадисі бар: *«Мені өте жақсы көретін бір топ ұмбетім мен өмірден өткеннен кейін дүниеге келеді. Олар жанұясы мен мал-мүлкін қиып, мені көруді армандайды»* - деген. Яғни, «мені өте жақсы көретіндердің бір тобы – менің сахабаларым; бір тобы – олардан кейін келетіндер. Олар мүмкіндіктері болса қолдағы бар мүлкін беріп мені көргісі келеді» деген сөз.

Олар екі дүниеде де дәл осындай сезімде жүреді. Жұмақта Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) жанында болу – барша мүминдердің арманы. Сахаба Рабиа бин Қаб әл-Әслами былай дейді: Хазіреті Пайғамбарымызбен (с.а.у.) бірге түнегелі отырған болатынбыз. Оған дәрет суы мен керекті заттарды апарып бердім. Мұны көріп маған:

Қандай тілегің бар? - деді. Мен:

- Жұмақта сіздің қасыңызда болғым келеді, - дедім.

- Одан басқа бар ма? Мұның үлкен тілек қой - деді.

- Бар тілерім осы ғана - дедім. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): *«Олай болса Аллаһқа көп мінәжат етіп, менің жанымда жүр. Яғни, саған жасаған дұғамның қабыл болуы үшін намазыңды көбірек оқы»* - деді.

Осы хадиске түсініктеме берген Ислам ғалымдары былай дейді: Аллаһ Тағала Пайғамбарға жұмақтың қазынасын қалағанына бере алатындай мүмкіндік берген. Тіпті жұмақтың қалаған жерінен, қалаған адамына орын бере алады. Пайғамбарымызды жақсы көру әрі оның сүйіспеншілігіне бөлену мұсылман үшін өте маңызды. Оның сүйіспеншілігіне бөленудің белгілері жоғарыдағы хадисте баян етілді. Яғни ең алдымен көркем мінезді болу. Көркем мінездің анықтамасында көптеген ерекшеліктер айтылған. Көркем мінез жайлы көпшілік ғалымдар былай



деген: көркем мінез, нәпсіні барша жақсы мінездермен безендіріп, жамандық атаулыдан, азғындықтан арылу. Көркем мінезге екі жолмен ие болуға болады: Біріншісі – адам туылғанда берілсе; екіншісі – күш-қайрат, талпыну нәтижесінде қол жеткізуге болады. Жаратылысында яғни туылғанында берілу. Ол Аллаһ Тағаланың сыйы болып есептеледі. Бұған адамның ешқандай талпынысының қажеті жоқ. Ал өз күші арқылы жетудің үш жолы бар:

1. Көркем мінезді, салиқалы, игі адамдармен үнемі бірге жүріп, олардан үлгі алу.

2. Тәрбие арқылы.

3. Нәпсіні жаман іс-әрекеттерден және жаман ойдан арылту.

Бұл жол өте ұзақ мерзімді талап етеді.

Әдепсіздікті жағымсыз қылық деп атаған Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) көркем мінезділікке де анықтама берген. Әбу Һұрайрадан (р.а.) риуаят етілген хадисте былай делінеді:

«Әй, Әбу Һұрайра! Көркем мінезді болуға тырыс». Әбу Һұрайра:

«Көркем мінез деген не?» - деп сұрағанда Пайғамбарымыз: *«Сенен күдерін үзгендермен күдер үзбей қатынас жасауың әрі саған жөнсіз тиіскендерді кешіруің және сені күндегендерге сыйсияпат беруің»* - деген.

Жәбірден (р.а.) риуаят етілген хадистен мынадай нәтиже шығаруға болады:

1. Бұл хадис барша мұсылмандарды көркем мінезді болуға шақырады

2. Көркем мінезділік Аллаһ Тағала мен Пайғамбардың сүйіспеншілігіне бөлейді.

3. Көркем мінезді мұсылман ақыретте Пайғамбарға жақын болады.

4. Әдепсіздік Аллаһ Тағала мен Пайғамбардың ашуына дұшар етеді.

5. Өсекшілік, жөн-жосықсыз сөйлеу, төкаппарлық жасау әдепсіздіктің белгісі.

6. Әдепсіздік ақыретте Пайғамбардан ұзақтатады.

Осы хадистің түсініктемесін Пайғамбарымыздың мына дұғасымен бітірсек, әрі бұл дұғаны жаттап алып, үнемі айтып жүруге әдеттенсек:

«Аллаһым! Тәнімді әдемі жаратқаныңдай мінезімді де көркем ете гөр».



### Он екінші хадис



#### *Зухд – нағыз ұяттың белгісі*

عَنْ ابْنِ عُمَرَ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ ﷺ: «إِسْتَحْيُوا مِنَ اللَّهِ حَقَّ الْحَيَاءِ قُلْنَا: يَا رَسُولَ اللَّهِ! إِنَّا نَسْتَحِي وَالْحَمْدُ لِلَّهِ قَالَ: «لَيْسَ ذَاكَ، وَلَكِنَّ الْأَسْتَحْيَاءَ مِنَ اللَّهِ حَقَّ الْحَيَاءِ أَنْ تَحْفَظَ الرَّأْسَ وَمَا وَعَى، وَالْبَطْنَ وَمَا حَوَى، وَالتَّذَكُّرَ الْمَوْتِ وَالْبَلَى، وَمَنْ أَرَادَ الْآخِرَةَ تَرَكَ زِينَةَ الدُّنْيَا، فَمَنْ فَعَلَ ذَلِكَ فَقَدْ إِسْتَحَى مِنَ اللَّهِ حَقَّ الْحَيَاءِ»

#### **Мағынасы:**

Абдуллаһ бин Омардан (р.а) риуаят етілген хадисте Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай деген: «Аллаһтан шынайы түрде ұялыңдар». Ибн Омар:

Уа, Аллаһтың Елшісі! Әлхамдулилләһ (Күдайға шүкір) біз ұяламыз - деді. Сонда Хазіреті Пайғамбарымыз: «Менің айтып тұрғаным ол емес. Аллаһтан шынайы түрде ұялыңдар дегенім басыңды әрі өзге ағзаларыңды және асқазан мен ішкі құрылысыңды зиянды нәрселерден қорғап, өлімнен кейінгі жайтты ойлануың. Кімде-кім ақыретті қаласа, дүниені тәрк етеді.

*Ал кімде-кім дүниенің байлығын тәрк етсе, сонда ғана шынайы ұялуға қол жеткізеді» - деген (Тирмизи, Қиямет 24).*

### **Хадиске түсініктеме:**

Әлемдегі қаншама жаратылыстардың ішіндегі ең құрметтісі, әрі Аллаһ Тағаланың алдында да ерекше мәртебеге ие болатыны адам баласы. Сондықтан ол дүниедегі ең бағалы қазынаға ие болуға тиісті. Ал өз бағасын білмей, мақсат-мүддесінен айырылған жандар қаншама! Оларға нендей өкініш!

Барлық нәрсенің жақсысы әрі өте жақсысы бар. Мүминдер иман тұрғысынан бірдей дәрежеде емес. Сондықтан шынайы иман келтіргендер үшін Аллаһ Тағала былай дейді: **«Міне, солар шынайы мұминдер. Олар үшін Раббыларының қасында да дәрежелер мен жарылқау әрі көркем несібе бар»** (Әнфәл сүресі 4-аят).

Иман тұрғысынан әр түрлі дәрежедегі мұминдер, ұят жағынан да әр түрлі болары сөзсіз. Жалпы мағынадағы ұят пен шынайы ұяттың арасында айырмашылық бар екенін Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) былайша білдірген: «Шынайы ұяттың ерекшеліктері – тәннің барлық мүшесін арам нәрседен сақтау әрі өлімнен кейінгі өмірді де қоса ойлау. Осыған қосымша ретінде дүниенің алдамшы жылтырағына алданбау керектігін де айтып өткен. Кімде-кім осы жайттарға мән берсе, шынайы ұятқа қол жеткізетіндігін баяндаған. Яғни, бұл хадистен мұминдерді шынайы ұятқа шақырғандығын айқын көруге болады. Хадисте айтылған дүниенің байлығын сөз етудегі мақсат, мұмин пенде Аллаһтың алдында кішіпейіл болып, дүниенің өткінші сәніне бой алдырып тәкаппарланбау. Мұны таза, әрі жаңа киім киюден тартыну деп түсінбеу керек. Мұмин кісіге қалтасына, жағдайына, әрі қоғамдағы дәрежесіне қарай киім киюіне рұқсат берілген. Үлде мен бүлдеге орануға күші жете тұра сәнді киім киіп-кимеу адамның өз еркінде. Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Кімде-кім шамасы жете тұра әдемі киінуді Аллаһ үшін тәрк етсе, Аллаһ Тағала оған қиямет күнінде жұмақтағы қалаған киімін береді»* деген.

Дүниенің өткінші байлығына алданбау керектігі жайлы көптеген хадистер бар. Солардың бірі Сахыл бин Сад әс-Сайдтың риуаят еткен хадисінде: Хазіреті Пайғамбарға (с.а.у.) бір кісі келіп былай деді:

Уа, Алаһтың Елшісі! Сен маған жақсы нәрсе айт, оны істеп Аллаһ пен адамдардың сүйіспеншілігіне бөленетін болайын. Сонда Пайғамбарымыз (с.а.у.) оған: *«Дүниеге салынбасаң, Аллаһ Тағала сені жақсы көреді. Ал, адамдардың байлығына көз тікпесең адамдар да сені жақсы көретін болады»* деді.

Бұл хадистен мынадай нәтиже шығаруға болады:

1. Жүрегіміздегі дүниеге деген құмарлығымызды тоқтатпайынша шынайы мүмин бола алмаймыз.

2. Бүкіл игі нәтижеге қол жеткізуіміз қажет.

Тіл Аллаһ Тағаланы зікір ету үшін берілген. Аллаһ Тағаланы мадақтап, ұлықтайтын сөздерді айтқан сайын жүрегімізде иләһи нұр күшейе түседі. Ал бос сөздер айтып, қылжақтау жүректің нұрын сөндіреді. Жүректен нұр кетер болса, өмірдің мәні кетіп, сәнінен айырылады. Хазіреті Омар (р.а.): «Кімде-кім көп сөйлер болса, көп қателеседі. Көп қателесу күнәнің көбеюіне себеп болады. Ал күнәһар адамның барар жері тозақ қана» деді.

Фудайыл бин Иад былай дейді: «Бес нәрсе бетпақтықтың белгісін білдіреді: жүректің қатаюуы, көзден жас шықпау, ұяттың аздығы, дүниеге ынтық болу, шексіз қиялдану».

Хазіреті Сафия (р.а.) анамыз былай дейді: Бір әйел Айшаға келіп жүрегінің қатайғандығын айтып шағымданды.

Айша оған: «Өлімді көп ойласаң жүрегің жұмсарады» деп өсиет айтты. Ол әйел оның айтқанын орындап жүректің қатайғанынан арылды. Сөйтіп, Хазіреті Айшаға келіп алғысын білдірді. Жоғарыдағы айтқан хадистен мынадай пайдалы кеңес алуымызға болады.

1. Хадис мұсылмандарды ұятты болуға шақырады.

2. Ақыл мен нәпсіні әр түрлі арам нәрселерден сақтауға үйретеді.

3. Өлімді көп ойлап, дүниеге ынтық болмауға шақырады.

Зүһд – дүниенің жылтыраған өткінші қызығына алданбай, қажетті мөлшерде ғана алу дегенді білдіреді.

Шынайы тақуалық – ар-ұятта.

Он үшінші хадис

Бес үгіт

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ (ﷺ) قَالَ: «مَنْ يَأْخُذْ عَنِّي هَذِهِ الْكَلِمَاتِ فَيَعْمَلْ بِهِنَّ أَوْ يُعَلِّمَ مَنْ يَعْمَلُ بِهِنَّ؟» قَالَ أَبُو هُرَيْرَةَ: فَقُلْتُ: أَنَا يَا رَسُولَ اللَّهِ. فَأَخَذَ بِيَدِي فَعَدَّ خَمْسًا فَقَالَ:

- \* اتَّقِ الْمَحَارِمَ تَكُنْ أَعْبَدَ النَّاسِ
- \* وَأَرْضَ بِمَا قَسَمَ اللَّهُ لَكَ تَكُنْ أَعْنَى النَّاسِ
- \* وَأَحْسِنْ إِلَى جَارِكَ تَكُنْ مُؤْمِنًا
- \* وَأَحَبَّ لِلنَّاسِ مَا تُحِبُّ لِنَفْسِكَ تَكُنْ مُسْلِمًا
- \* وَلَا تَكْثِرِ الضَّحِكَ فَإِنَّ كَثْرَةَ الضَّحِكِ يُمِيتُ الْقَلْبَ

Мағынасы:

Әбу Һүрайрадан (р.а.) риуаят етілген хадисте Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: «Мына сөздерді амалға асыру үшін немесе мұнымен амал жасайтындарға ұйрету үшін кім алады?» - деп сұрады:

Әбу Һүрайра:

Уа, Аллаһтың Елшісі! Мен дедім. Сосын ол менің қолымнан ұстап тұрып мына бес нәрсені санады:

1. Арам нәрселерден сақтан, адамдардың ішінде ең көп құлшылық ететіндердің бірі боласың.

2. Аллаһтың саған берген нәрселеріне разы бол, адамдардың ішіндегі (көңіл тұрғысынан) байы боласың.

3. Көршіңе жақсылық жаса, нағыз мұсылман боласың.

4. Өзіңнің жақсы көрген нәрселеріңді өзге адамдар үшін де жақсы көрер болсаң шынайы мұсылман боласың.

5. Көп құлме. Шектен тыс құлу жүректі өлтіреді, қатайтады.

(Тирмизи, Зүһд 2)

### **Хадиске түсініктеме:**

Адамзат баласы Аллаһты танып Оған құлшылық ету үшін жаратылған. Адам жаратылысы өзге жаратылыстарға мүлде ұқсамайды. Сондықтан адамның дүниедегі мақсаты да өзгеше болуы тиіс. Яғни, адам періште, жан-жануар және өсімдік секілді т.б. жаратылыстың бірі. Бірақ періште секілді нұрдан жаратылмады, әрі жануар секілді ақылсыз еместігі тағы бар. Адам үшін өмір күрестен тұрады. Адам жоғарыға баспалдақпен көтеріледі. Өмірде сол баспалдақпен көтеріліп, ұшар шыңына шығатындар да бар. Бірақ, баспалдаққа аяқ баспай, сол қалпында тұратындар да кездеседі. Оны ұшар шыңға көтеретін Аллаһтың әміріне мойынсұнғандығы болса, оны бейшаралық халге түсіретін жағдай жаратушысына құлақ аспағандығы болып саналады. Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Сендердің ауруларың мен емдеріңді айтайын ба?»* - деді. Сахабалар «иә», - десті. Сонда Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Мұқият болыңдар! Сендердің ауруларың күнә істеуден болады. Ал, жазылатын емдерің Ұлы Жаратушыдан кешірім сұрап, жалбарынуларың»* - деді. Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) Әбу Нұрайранның қолынан ұстап бес түрлі үгіт айту арқылы үмбетіне бес нәрсені үйретіп отыр:

1. Арам нәрселерден сақтан! Адамдардың ішінде ең көп құлшылық ететіндердің бірі боласың. Ал адамдар арасында көп құлшылық ететіндердің қатарынан орын алу үшін Аллаһ Тағаланың тыйым салған нәрселерінен бойын аулақ ұстауы керек. Өйткені, арам нәрселерден арылғанда амал дәптерге қайырлы әрі сауапты істер жазылады. Осылайша жұмаққа қарай жол басталады.

2. Аллаһтың саған берген нәрселеріне разы бол, адамдардың ішіндегі (көңіл тұрғысынан) ең байы боласың. Мұндағы айтылған байлық мал-мүлік жағынан емес. Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) тағы бір хадисінде: *«Байлық малдың көптігімен өлшенбейді. Нағыз байлық көңілдің байлығы»* - деген. Адам өз қолындағы мүлікке разы болып, өзгенің байлығына көз тікпеу керек. Олар сияқты бай болу өте оңай. Қанағат қарын тойғызар демекші, қолындағыға қанағат етсең жетіп жатыр. Қанша жесе де тоймайтын ол жануарлар ғана. Сондықтан барына шүкір еткен адамнан артық бай адам жоқ. Әрбір мұсылман әйел, күйеуінің алған (үйіндегі) бұйымы мен киім-кешегіне разы болып, байлыққа тоймайтын қанағатсыз адамның сөзін айтып шаңырақтың шырқын бұзбауы керек. Бұл тұрғыда мұсылмандар мына хадисті қағида ретінде ұстануы қажет: *«Құлшылық жөнінен өзіңнен жоғарыдағыларға, ал байлық жөнінен өзіңнен төмендегілерге қара»*.

3. Көршіңе жақсылық жаса, нағыз мұсылман боласың. Ислам діні көршімен қалай қарым-қатынас жасау керектігін егжей-тегжейлі білдірген. Мұны Пайғамбарымыздың мына хадисінен ұғамыз: *«Кімде-кім Аллаһқа және ақырет күніне иман келтірсе, көршісімен жақсы қарым-қатынаста болсын»*. Сондықтан мұсылман отбасылары осы жайтқа ерекше мән бергені жөн. Сондай-ақ батыстың жағымсыз қылықтары жайлап алған мына заманда салт-дәстүрімізге көңіл бөлудің маңыздылығы да өте зор.

4. Өзіңнің жақсы көрген нәрсеңді өзге адамдар үшін де жақсы көрер болсаң шынайы мұсылман боласың. Әбу Дәуіттің «Сунан» атты хадис кітабында былай делінген: *«Қандай да бір мұсылман Хазіреті Пайғамбардың мына төрт хадисімен амал ететін болса оған жеткілікті болады:*

1) *Әрбір амал тек қана ниетке байланысты* (Бұхари, Бәдуә-Уаһи I: Мұслим. Ишара 155).

2) *Адамның бос нәрселермен шұғылданбауы оның мұсылман екенін білдіреді* (Тирмизи, зүһд II).

3) Адал да арам да белгілі. Олардың арасында құмәнді нәрселер бар (Бұхари, Иман 39; Мұслим, Мишкат 127).

4) Кімде-кім өзінің жақсы көрген нәрсесін өзге мұсылмандар үшін де жақсы көрмесе толық иман келтірген болып саналмайды (Бұхари, Иман 7; Мұслим, Иман 71-75).

5. Көп күлме. Шектен тыс күлу жүректі өлтіреді, қатайтады.

Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) Әбу Һұрайраға үйреткен хадисі барша мұсылмандарға тән. Мұны әрбір мұсылман ер-әйел өз бойына сіңіріп, күнделікті тұрмысында қолдануы тиіс. Сондай-ақ осы хадис мұсылманның өмірлік принципінің қатарына жатады. Аллаһ Тағала осы хадиспен амал жасауды баршамызға нәсіп етсін. (Әмин!)



Он төртінші хадис



**Аллаһ Тағаладан ұзақ болатын кісі**

قال رسول الله (ﷺ): «لَا تُكثِرُوا الْكَلَامَ بِغَيْرِ ذِكْرِ اللَّهِ، فَإِنَّ كَثْرَةَ الْكَلَامِ بِغَيْرِ ذِكْرِ اللَّهِ قَسْوَةٌ لِلْقَلْبِ وَإِنَّ أَبْعَدَ النَّاسِ عَنِ اللَّهِ الْقَلْبُ الْقَاسِي»

**Мағынасы:**

Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) былай деді: «Аллаһты еске алу-дан тыс, орынсыз көп сөйлемеңдер. Өйткені Аллаһты еске алу-дан басқа бос сөздер жүректі қарайтады. Адамдардың ішіндегі Аллаһтан ұзақ болатындар тас жүрек адамдар» (Тирмизи, Зүһд 62).

**Хадиске түсініктеме:**

Әлемдегі барлық нәрсе әрекет етеді. Мәселен, желдің есуі, жаңбырдың жаууы, өсімдіктердің өсіп шығуы. Ал адамзат баласы олай емес. Ол барлық әрекетін өзінің қалауымен және еркіндігімен іске асырады. Адамды ұшар шыңға көтеретін әрі



түңғиыққа түсіретен де оның қалауы мен еркіндігі. Сондықтан нағыз адам болу үшін сөзіміз бен іс-әрекетімізді Құран мен Сүннетке лайықты етуіміз шарт. Адам өмірінде тілдің рөлі ерекше. Адамды уәзір ететін де әрі қарабет қылатын да осы тіл. Дана халқымыздың «Басқа бәле тілден» деген сөзі осыдан қалса керек. Мысалыға, бір сөздің өзі адамның жұмаққа кіруіне немесе тозаққа кіруіне себепші бола алады.

Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): *«Адам кейде бір сөзді айтып оған мән бермей немқұрайлы қарайды да 70 жыл тозақта болады. Сондай-ақ, немқұрайлы қараған бір сөзі үшін жәннатқа барарды».*

Тағы бір хадисінде: *«Адам әрбір естігенін айтар болса, оған күнә ретінде жеткілікті болады»* - дейді.

Сахаба Муаз бин Жәбәл: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Сөйлеген сөзіміздің барлығына жауап береміз бе?» - дегенде, Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): *«Адамдардың мұрындарымен сыдырлып тозақта азаптануларының басты себебі, осы тілдің кесірі»* - деп жауап берген. Адамдар айтқан сөздерінің себебімен тозақта мәңгі қалуы мүмкін. Оны мәңгілік тозаққа түсіретін нәрсе күпірлік сөз. Күпірлік сөз үш топқа бөлінеді:

**1. Қуфру-жәһил.** Надандықтың кесірінен күпір сөз айтып Аллаһқа қарсы шығу.

**2. Қуфру-инади.** Исламның хақ дін екендігін біле тұра мойымай қабыл етпеу.

**3. Қуфру-хукми.** Шарифаттағы тыйым салған күпірлікке бой алдыру.

Осылардың алғашқы екеуі адамды имандылықтан шығарады. Соңғысы болса иман келтіргеннен кейін де иманнан шығарады. Үшінші жайт мұсылмандарға тікелей байланысты. Иман нұрына бөленгеннен кейін оны сақтай алмай айырылу өте аянышты жайт. Мұндай жолға түсу көбіне ғапыллықтың салдарынан айтылған сөздердің кесірінен туындайды. Орынсыз көп сөйлейтін адамдар көбінесе жан-жағындағы адамдарды

күлдіріп, солардың ықыласына бөленемін деп, аузына келгенін оттап қояды. Сөйтіп, сол жағымсыз сөздердің кесірінен иманы әлсіреп, тіпті иманнан айырылуға дейін барады. Сондықтан бекер әзіл-оспаққа мұқият болу керек. Дін тұрғысынан айтарлықтай әсері болмағанның өзінде, иман жүзді адамның шектен тыс әзілге берілуі дұрыс емес. Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.): «*Жөнсіз әзілдесуден сақтаныңдар. Өйткені, орынсыз әзіл мұминнің абыройы мен батыл келбетін жүрдай қылады*» - деген.

Мұсылманның әзіл айтуына болады бірақ шектен шықпау шартымен. Олай болмаған жағдайда тас жарамын деп бас жа-рып алуы мүмкін.



### **Қайғы-қасіретке дұшар болғанда айтылатын сөз**

عَنْ أُمِّ سَلَمَةَ أَنَّهَا قَالَتْ: سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ (ﷺ) يَقُولُ: «مَا مِنْ عَبْدٍ تُصِيبُهُ مُصِيبَةٌ فَيَقُولُ: إِنَّا لِلَّهِ وَإِنَّا إِلَيْهِ رَاغِبُونَ. أَللَّهُمَّ اجْرِنِي فِي مُصِيبَتِي وَأَخْلِفْ خَيْرًا مِنْهَا. إِلَّا أَجْرَهُ اللَّهُ فِي مُصِيبَتِهِ. وَأَخْلَفَهُ خَيْرًا مِنْهَا». قَالَتْ: فَلَمَّا تُوفِّي أَبُو سَلَمَةَ قُلْتُ كَمَا أَمَرَنِي رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فَأَخْلَفَ اللَّهُ لِي خَيْرًا مِنْهُ»

#### **Мағынасы:**

Умму Сәлама былай деді: Мен Хазіреті Пайғамбарымыздың (с.а.у.) былай дегенін естідім: «Басына қайғы түсіп: «Біз Аллаһтан келдік. Қайтадан Оған қайтамыз». Аллаһым қайғы-қасіретімнің орнына маған сауап бер. Осының артынан бұдан қайырлысын нәсіп ет» деп, дұға қылғандардың барлығының ті-

легі орындалады.

Умму Сәлама былай дейді: «Күйеуім дүниеден өткенде Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) үйреткен осы дұғасын оқыдым. Нәтижеде Аллаһ маған ең қайырлы нәрсені нәсіп етті» (Мұслим, Жәнайз).

### **Хадиске түсініктеме:**

Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) қайғыны былайша түсіндіреді: *«Мұминге ауыртпалық түсіретін нәрсе қайғы болып есептеледі»*. Бір күні Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) шамы өшіп қалғанда (иннә лилләһи уа иннә иләйһи ражиун) деген екен. Мұны естіген Айша: «Бұл жай ғана шам ғой» қайғыға қандай қатысы бар дегенде Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): *«Жамандық әкелген барша нәрсе мұминге қайғы болып есептеледі»* деген.

Қайғы келген сәтте Бақара сүресінің (**иннә лилләһи уа иннә иләйһи ражиун**) 156-аятын оқуды «истиржа» деп айтамыз. Яғни «Біз Аллаһтан келдік, қайтадан Оған қайтамыз» деген мағынаны береді. Бұл сөздер арқылы барлық нәрсенің тіпті жанымыздың да Аллаһтікі екенін айтқан боламыз. Сайд бин Жубәйр былай дейді: «Осы үмбетке берілген мұндай нығмет басқа үмбеттерге берілмеген. Егер осы нығмет Якуб пайғамбарға (ғ.с.) берілгенде жоғалтып алған баласы Жүсіпті (ғ.с.) қайғырып іздемей, осы аяты оқыған болар еді».

Иман жүзді әйелге Раббысының жанында күнәсіз болғанға дейін өзіне әрі туыстарына қайғы келіп отырады. Оның ең үлкен қайғысы күйеуінен айырылуы. Мұндай сәттерде Умму Сәламаның жағдайын әрі Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) оған үйреткен дұғасын естен шығармау қажет. Қолдан келгенше сабыр сақтап, мазасыз күйге түсіп жүдеуден сақтану керек.

## Он алтынышы хадис

**Күйеуінің ризалығына бөленген әйел**

عَنْ أُمِّ سَلَمَةَ قَالَتْ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ (ﷺ): «أَيُّمَا امْرَأَةٍ مَاتَتْ وَ زَوْجُهَا عَنْهَا رَاضٍ دَخَلَتْ الْجَنَّةَ»

**Мағынасы:**

Умму Сәламаның (р.а.) риуаят еткен хадисінде Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) былай деген: *«Қандай да бір әйел, күйеуінің ризалығына бөленіп дүние салар болса, жұмаққа кіреді»* (Тирмизи, Ридә 1161).

**Хадиске түсініктеме:**

Әйел болсын, еркек болсын әрбір мұсылманның ең үлкен мақсаты Аллаһтың ризалығына бөленіп жұмаққа кіру болып табылады. Бізге жүктелген барлық құлшылықты орындау бізді жұмаққа жетелейді. Ал өткінші дүниедегі басымызға түскен қайғы мен қиыншылықтар Аллаһтың құзырына тән, күнәсіз ретінде баруымызға себепші болады. Мұсылман әйелдің жұмаққа кіруіне себепші болатын бірден бір жолы: Аллаһтың әмірін орындап күйеуінің ризалығына бөлену. Әйел заты үшін Аллаһтың әмірін орындағаннан кейін күйеуінің ризалығын табу басты мақсат болу қажет. Яғни, әйел заты үшін Аллаһтың ризалығы секілді күйеуінің ризалығы да өте маңызды.

Әбу Умамәдан риуаят етілген хадисте былай делінген: Бір әйел екі баласын ертіп Хазіреті Пайғамбарымыздың алдына барады. Ол бір баласын құшағына алып, екіншісін жетектеп келеді. Мұны көрген Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) былай дейді: *«Әйелдер балаларын қарнында көтеріп жүреді, босанады да оған мейірімін түсіреді. Егер олар күйеуіне бәлекет болып жабыспаса олардың намаз оқығандары жұмаққа кіреді»*.

Күйеуінің ризалығына бөленіп дүние салған әйел жұмаққа

кіреді деген сөзден мынаны түсінуімізге болады: Оларды жұмаққа алғашқы болып кіретіндердің қатарына қоса аламыз. Өйткені күнәһар мүминдер тозаққа кірсе де нәтижеде Ұлы Жаратушының кешірімімен жәннатқа кіреді. Ал күйеуінің ризалығына бөленген әйел азаптанбай-ақ жұмаққа қауышады.

Он жетінші хадис

Әйелдердің жиһады

عَنْ عَائِشَةَ أُمِّ الْمُؤْمِنِينَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّهَا قَالَتْ: قُلْتُ: «يَا رَسُولَ اللَّهِ! نَرَى الْجِهَادَ أَفْضَلَ الْأَعْمَالِ أَمْ لَا نَجَاهِدُ؟» قَالَ: لَا. لَكِنَّ أَفْضَلَ الْجِهَادِ حَجٌّ مَبْرُورٌ»

**Мағынасы:**

Хазіреті Айшаның (р.а) айтуынша ол Пайғамбарға былай дейді: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Біз жиһадты құлшылықтардың ең абзалы деп санаймыз. Біз де жиһадқа қатыссақ болмайды ма? Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.):

*Жоқ, сендердің жиһадқа қатысуларыңа болмайды. Сендер үшін жиһадтың ең абзалы қабыл болған қажылық»* - деп жауап береді.

**Хадиске түсініктеме:**

Дәл осы хадис ибн Мәжәнің риуаятында былай баяндалған: Хазіреті Айша: Уа, Аллаһтың Елшісі! Жиһад әйелдерге де парыз ба? - деп сұрадым. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): «*Әйелдерге парыз болған жиһад, ешқандай ұрысы мен төбелесі жоқ яғни соғыссыз қажылық пен умра»* - деп жауап берді.

Күндердің бір күні бір әйел Хазіреті Пайғамбарға (с.а.у.) келіп жиһадқа қатысу үшін рұқсат сұрайды. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) қарсы болады. Сонда әлгі әйел: Соғысу үшін емес, тек

қана жарақаттанған адамдар мен ауру науқастарды емдеп әрі оларға су тасу үшін қатысайын депті. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) оған былай деп жауап береді: *«Пәленше әйел соғысқа шығыпты біз де шығамыз деушілер көбеймейтін болғанда рұқсат берер едім. Бірақ сен үйіңде отыруға тиістісің»*.

Бұл хадистер, әйелдердің жиһадқа қатысуларына тыйым салынғанын емес, олардың соғысқа шығуы міндет еместігін көрсетеді. Олар соғысқа қатыспаса да болады. Хадисте: *«Әйелдер үшін ең абзал жиһад қабыл болған қажылық»* деу арқылы әйелдер үшін қажылықтан басқа жиһад болып саналатын құлшылықтардың да бар екенін меңзеп тұр. Бірақ олардың ішінен ең абзалын бөліп жарып айтып отыр. Ислам құқықшыларының айтуынша мемлекеттің ішіне ішкерлей еніп, іс насырға шабар болса әйелдер де соғысқа қатысады дейді. Кейбір хадистерде жиһадтың қажылықтан да дәрежелі екенін білдірген. Осы іспеттес хадистер жайлы ғалымдар былай деген: Жиһадтың ең қайырлы амал екенін білдіретін риуаяттар алғашқы негіздерге тиісті міндетті болатын. Жоғарыдағы айтылған хадис сол негізге сәйкес келген.



**Он сегізінші хадис**

**Қайырлы істерге немқұрайлы қарамау керек**

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ (ﷺ) كَانَ يَقُولُ: «يَا نِسَاءَ الْمُسْلِمَاتِ لَا تَحْقِرْنَ جَارَةَ لِجَارَتِهَا وَلَوْ فَرَسِنَ شَاةً»

**Мағынасы:**

Әбу Һұрайрадан риуаят етілген хадисте Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): *«Ей, мұсылман әйелдері! Көршісіне қойдың бір бөлшегі (табаны) болса да көрші әйелге сый немесе садақа беруді азсын-*

*басын»* (Бұхари, Хибе 1; Мұслим, Зекет 90).

### **Хадиске түсініктеме:**

Араб тілінде «Фирсин» деген сөз түйенің табанына айтылады. Бірақ хадисте бұл мағынада айтылып тұрған жоқ. Сонымен қатар араб халқының әдет-ғұрпында қойдың жамбасын немесе санын сыйға тарту жоқ болатын. Мұндағы мақсат сыйлықтың аздығы мен көптігі емес, бір нәрсені шын ықыласпен беру. Өйткені, жомарттық қолдағы бар нәрсені бере білумен өлшенеді. Яғни, меншігіндегі затты аз демей мүмкіншілігі барынша беруге тырысу қажет. Шынайы ықыласпен берілген түйірдей нәрсенің сауабын Аллаһ Тағала көбейтеді. Ал қыруар мал шын ықыласпен берілмесе Аллаһ Тағала оның сауабын азайтады. Садақа яки сый-сияпат парыз әрі нәпіл құлшылықтардың біріне жатады. Мұндай ғибадаттың қабыл болуы үшін төмендегідей екі шарттың болуы тиіс:

1. Құран мен Сүннетке қайшы келмеу керек.
2. Ықылас әрі шынайы ниетпен орындалуы қажет.

Егер осы аталмыш шарттардың біреуі кем болса, құлшылықтың ешқандай сауабы болмайды. Әлдекім өзіне шынайы ниетпен берілген сыйды аз деп қабылдаса, Ислам тұрғысынан жағымсыз іс болып саналады. Кәміл мұсылман өзгеге қол жаймайды, бірақ өзіне берілген нәрсені қабылдайды және өз қажеттілігінен артылса оны сыйға береді. Осылайша сый берген бауыры мен өзі сый алған бауырының көңілі толып өз араларындағы бауырмашылдық арта түседі. Сыйға берілген затты азсынып қабылдамау көргенсіздікке жатады. Мұндай қылық тек қана шайтанға тән. Қорыта айтқанда мұсылман әйелі өзін ғана ойламай көрші әйелдің де жағдайын ойлап онымен жақсы мәміледе болып, шын ықыласымен аз да болса сый-сияпат жасауы айтылған хадиске амал жасағандық болмақ.

## Он тоғызыншы хадис

**Аллаһтың жәрдеміне жеткізетін іс-әрекеттер**

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ (ﷺ): «مَنْ نَفَسَ عَنْ مُؤْمِنٍ كُرْبَةً مِنْ كُرْبِ الدُّنْيَا نَفَسَ اللَّهُ عَنْهُ كُرْبَةً مِنْ كُرْبِ يَوْمِ الْقِيَامَةِ. وَمَنْ يَسِّرَ عَلَيَّ مُعْسِرَ يَسِّرَ اللَّهُ عَلَيْهِ فِي الدُّنْيَا وَالْآخِرَةِ. وَمَنْ سَتَرَ مُسْلِمًا سَتَرَهُ اللَّهُ فِي الدُّنْيَا وَالْآخِرَةِ. وَاللَّهُ فِي عَوْنِ الْعَبْدِ مَا كَانَ الْعَبْدُ فِي عَوْنِ أَخِيهِ»

**Мағынасы:**

Әбу Һұрайрадан риуаят етілген хадисте Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) былай дейді: «Кімде-кім мұмин бауырының дүниедегі қиыншылықтарының біреуінен құтқарар болса, Аллаһ оның ақыреттегі қиыншылықтарының біреуінен құтқарады. Кімде-кім басына іс түскен адамға қол ұшын беріп, ісін жеңілдетер болса, Аллаһ ондай құлдың дүние мен ақыреттегі ісін жеңілдетеді. Кімде-кім мұсылман бауырының қателігі мен күнәсін жасырар болса, Аллаһ та оның дүние мен ақыреттегі қателігін жасырады. Қандай да бір Аллаһтың құлы дін бауырына жәрдем берсе, Аллаһ та оған жәрдем береді» (Бұхари, Мәзалим 3; Мұслим, Бирр 38).

**Хадиске түсініктеме:**

Имам Нәуауи былай дейді: «Бұл хадис барлық білімді, қағида мен әдепті бір жерге жинақтаған ауқымды хадис».

Мұсылман пенденің Аллаһтың құзырында игі құрметіне бөленуінің жолы: басына түскен қайғы мен қасіретке сабыр сақтап, өзге адамдарға қызмет көрсету арқылы болмақ. Мұсылмандарға қол ұшын беріп, жақсылық жасау Аллаһ Тағаланың жақсы көретін амалдарының бірі. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): «Аллаһтың құзырындағы ең сүйкімді амалдардың бірі мұминдердің жүрегінде қуаныш отын жағу немесе мұминнің ба-



сына түскен қиыншылығынан құтқару, сондай-ақ оның қарызын өтеу мен аш болса тойдыру да осыған кіреді» деген.

Мұсылмандарға жәрдем беру олардың қажетін тауып беру, итикафтан (ораза айының соңғы он күнінде мешітте жасалатын құлшылық) әлде қайда артық. Өйткені, Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): «Кімде-кім мұсылманның мұқтажы үшін күндіз-түні жүгіріп жүрсе, итикафтан әлдеқайда артық» - деген.

Қызмет жасау әрбір мұсылманның қолынан келе бермейтін іс. Өйткені, мұндай іс өте қарбалас әрі өте қиын. Сондай-ақ қыруар күш жұмсауды талап етеді. Сондықтан да Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): «Аллаһ Тағала бір топ құлдарын адамдарға қызмет ету үшін жаратқан. Адамдарға қолынан келгенше жәрдем береді. Аллаһ оларды азаптамайды» деген».

Қари әл-Мунзир осы хадис жайлы былай деген: «Ұстазыма осы хадисті оқыдым. Ұстазым: «Өте тамаша хадис. Мұсылмандарға жәрдем беріңдер деген мағынада қырық хадис жина» - деді. Содан кейін сол жайлы қырық хадисті жинап жазып шығардым».

Бұл мағынадағы хадистерден мынадай қорытынды жасауға болады:

1. Ислам қоғамында бауырға жәрдемдесу басты міндет.
2. Мүминдерге жәрдем беру қиямет күні жәрдем ретінде алдымыздан шығады.
3. Тығырықтағы адамға жәрдем беруге шақырады.
4. Мұсылманның қателігін жасыруға үндейді.
5. Мұсылман бауырына жәрдем берген адамға, Аллаһ та жәрдем береді.
6. Барша мұсылмандар осы хадистен үйренгендерін бойына сіңіріп, бір-біріне қол ұшын беруді әдетке айналдыруы қажет.



*сараң адам — Аллаһтан, адамдардан, жұмақтан ұзақ, тозаққа жақын болады. Шындығында жомарт адам білімсіз болса да, сараң ғалымнан Аллаһтың құзырында әлдеқайда артық».*

Хазіреті Айша анамыз Пайғамбарымыздың (с.а.у.) көркем мінезін былай түсіндіреді: «Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) өмірінде кәлима шәһадаттан басқа жерде «лә» (жоқ) деп айтпаған». Кәлима шәһадат «Әшһәду ән лә иләһә иллаллаһ, уә әшһәду әннә Мухаммадан абдуһу уә расулуһ». Осындағы «лә» сөзі араб тілінде жоқ деген мағынаны білдіреді. Яғни, мұқтаж адамдарға ешқашан «жоқ» деп айтпай қолынан келгенше оларға қол ұшын беріп көмектесуге тырысқан. Жоқ болған жағдайда біреуден қарыз алып тауып беретіндігін айтқан.

Міне, сондықтан Аллаһтың сүйіспеншілігіне бөленгісі келетін әрбір мұсылман сараңдық деген жағымсыз сипаттан арылып, жомарт болуға талпынуы қажет. Хазіреті Пайғамбар хадистерінің бірінде былай деген:

- Сендерге жомарт кісінің ішіндегі ең жомарты кім екенін айттайын ба? Сахабалар:

- Иә айтыңыз, Аллаһтың Елшісі - деді. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.):

- Жомарттардың ең жомарты Аллаһ Тағала. Адамдардың ең жомарты менмін. Менен кейінгі ең жомарт адам білім алып, сол білімін өзгеге үйреткен адам. Мұндай адамдар бір үмбет сияқты болып қайта тіріледі. Сондай-ақ Аллаһ жолында өлгенше күреседі. Білім мен мал-мүлік, материалдық әрі рухани дүниенің қайнар көзі. Оларға қызығып та, қызғанып та қарауға рұқсат берілген. Білім мен мал-мүлік жөнінен жомарттық танытқан адам ең қайырлы адам болып есептелінеді.

## Жыйрма бірінші хадис

**Мейрімсіздіктің шегі (немесе тас жүректі әйел)**

عَنْ ابْنِ عُمَرَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمَا أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ (ﷺ) قَالَ: «عُدْبَتُ إِمْرَأَةٍ فِي هِرَّةٍ حَبَسَتْهَا حَتَّى مَاتَتْ، فَدَخَلَتْ فِيهَا النَّارُ، لَا هِيَ أَطْعَمَتْهَا وَ سَقَتْهَا إِذْ هِيَ حَبَسَتْهَا، وَلَا هِيَ تَرَكَتْهَا تَأْكُلُ مِنْ خَشَاشِ الْأَرْضِ»

**Мағынасы:**

Абдуллаһ бин Омардан (р.а.) риуаят етілген хадисте Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) былай деген: «*Бір әйел бір мысықтың себебінен азапқа дұшар болады. Мысықты өлгенінше торға қамағандығынан тозаққа түсті. Мысықты торға қамап ішіп-жейтін ештеңе бермеген тіпті жердің өнімінен де ештеңе бермеген*» (Бұхари, Әнбия 54; Мұслим, Салам 151).

**Хадиске түсініктеме:**

Мысықтың себебінен азапқа дұшар болған әйелдің мұсылман ба, әлде мұсылман емес пе? Бұл жайлы ғалымдар ортақ пікірге келмеген. Имам Нәуәуи: «Мұсылман әйел. Ол мысықтың себебімен тозаққа түскен» десе, кейбіреулер «ол кәшір әйел, ол мейрімсіздіктің себебімен тозаққа түскен» дейді.

Бұл хадистен мысық өлтірудің арам екендігін білуге болады. Сондай-ақ, мұнда мысықты тамақтандыру керектігін де ұғамыз. Жануарларға мейірім көрсету ол да біздің міндетіміз. Осы сияқты бір әйел аяқ киімімен шөлдеген итке құдықтан су алып беруі арқылы жұмаққа, ал оның мейірімсіздігі тозаққа жетелейтін қасиет екенін ұмытпағанымыз жөн.

Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): «*Мейірімділік көрсетпегенге мейірім көрсетілмейді*» деген. Тағы бір хадисінде: «*Жер бетіндегілерге мейірім көрсетіңдер*» деп, үмбетін барша жаратылыс

атаулыға мейірім көрсетуге шақырған. Табысқа жету немесе одан жүрдай болу, құрметке бөлену әлде абыройдан айырылу адам өмірінде кездесетін жағдай. Ал мұсылманның ең үлкен табысы Аллаһтың разылығына бөленіп жұмаққа кіру. Сондай-ақ барлық нәрседен жүрдай болу Пайғамбарымыздың былай деп айтқан екі нәрсесі арқылы болмақ: *«Жұмақ сендерге аяқ киімнің бауынан да жақын болса, тозақ та дәл солай жақын».*



Жыырма екінші хадис

### Тозақтық екі топ кісі

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ (ﷺ): «صِنْفَانِ مِنَ أَهْلِ النَّارِ لَمْ أَرَهُمَا، قَوْمٌ مَعَهُمْ سَيَاطٌ كَأَدْنَابِ الْبَقَرِ يَضْرِبُونَ بِهَا النَّاسَ. وَنِسَاءٌ كَاسِيَاتٍ عَارِيَاتٍ مُمَوْلَاتٌ مَا نَالَاتٍ رُؤُسُهُنَّ كَأَسْنِمَةِ الْبُخْتِ الْمَائِلَةِ لَا يَدْخُلْنَ الْجَنَّةَ وَلَا يَخْرُجْنَ رِيحَهَا وَإِنْ رِيحَهَا لِيُوجِدُ مِنْ مَسِيرَةِ كَذَا وَكَذَا»

#### Мағынасы:

Әбу Һұрайра (р.а.) былай дейді: Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): *«Тозақтық екі топ кісі бар, бірақ мен оларды көрмедім. Біріншісі қолдарында сиырдың құйрығындай қамшы бар, онымен адамдарды сабалап ұрып жүрген қауым. Екіншісі киімі бар, бірақ жалаңаш, бүгілген әрі бүгітілген бір топ әйелдер! Бастары түйенің өркешіндей ирелеңдеген. Олар жұмаққа кіре алмайды, оның иісін де искей алмайды. Жұмақтың иісі мынадай қашықтықта сезілсе де»* (Мүслим, Либас 125; Жәннат 52; Муатта, Либас 7).

#### Хадиске түсініктеме:

Бұл хадис Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) мұғжизаларының бірі. Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) оларды көргенім жоқ деп

айтуы, болашақтағы жайттан хабар беріп тұрғандығын білдіреді. Киімі бар бірақ жалаңаш деген сөзі арқылы мынадай әйелдерді меңзеп тұр:

1. Аллаһтың берген нығметінің арқасында киген киімдеріне шүкір етпейтін әйелдер.

2. Киім киіп, ұятты әурет жерін жауып жүрсе де қайырлы іс істемей, ақыреттік азығын дайындамайтын әйелдер.

3. Әдемілігін паш ету үшін денесін көрсетіп жүретін әйелдер.

Бүгілген әйелдер деп сипаттауы Аллаһқа мойынсұнбайтын әйелдер тұрғысында. Ал бүгітілген дегені өзінің істегендерін өзгелерге үйреткендер. Әйелдер бастарына әр түрлі нәрселер байлап жүргендіктері үшін бастары түйенің өркешіне ұқсатылған.



*Жиырма үшінші хадис*

*Жасанды шаш (парик)*

عَنْ أَسْمَاءَ بِنْتِ أَبِي بَكْرٍ قَالَتْ: جَاءَتْ إِمْرَأَةً إِلَى النَّبِيِّ (ﷺ) فَقَالَتْ:  
يَا رَسُولَ اللَّهِ! إِنَّ لِي ابْنَةً عُرَيْسًا. أَصَابَتْهَا حَصْبَةٌ فَيَمِرَّقُ شَعْرُهَا. أَفَاصِلُهُ؟  
فَقَالَ: «لَعَنَّ اللَّهُ الْوَاصِلَةَ وَالْمُسْتَوْصِلَةَ»

**Мағынасы:**

Хазіреті Әбу Бәкірдің қызы Асманың (р.а.) айтуынша: «Бір әйел кісі Пайғамбарымызға (с.а.у.) келіп:

- Уа, Аллаһтың Елшісі! Менің жаңа түскен келінім бар. Қызылша ауруына шалдығып шаштары төгіліп түсіп қалды. Сол шаштарын жалғайын ба? - деп сұрады. Оған Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): «*Шаш жалғағанға да жалғатқанға да Аллаһ Тағала лағнет етсін*» деп жауап берді» (Мүслим, Либас 115).

### Хадиске түсініктеме:

Әйелдің шаш жалғауы жайлы әр түрлі көзқарастар айтылған. Сондықтан ғалымдар бұл мәселеге тартысып келген. Имам Малик пен көптеген ғалымдар шаш жалғауға қарсы болған. Ал Ханафи мен Шафидің көзқарасы бойынша әйел күйеуінің рұқсатымен шаш жалғауына болады деген. Шаш жалғаудың арам болуының себебі, жаман әйелдерге ұқсағандығы үшін әрі Аллаһтың жаратқан пішініне өзгеріс енгізгені үшін. Әйел күйеуіне әдемі көріну мақсатымен қыл жүлса оның ешқандай әбестігі жоқ. Өйткені Хазіреті Айшадан бұл жайлы сұралғанда былай жауап берген: «Туылғаннан бар қылды жұлуға болмайды. Кейіннен шыққан қылды жұлуға болады. Бірақ күйеуіне әдемі көріну мақсатымен жұлынған қылдың ешқандай әбестігі жоқ». Мұсылманның Аллаһ Тағаланың жаратқан пішінін ұнатпай өзгертуі арам болып есептеледі. Мұсылман еместерге ұқсауы да дәл солай. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): *«Яһуди мен христиандарға ұқсамаңдар»*, деп үмбетін оларға ұқсауына тыйым салған. Бұл жайттың өте маңызды екенін мына төмендегі хадистерден аңғаруымызға болады: *«Кімде-кім бір қауымға ұқсаса ол солардан болып есептеледі. Бізден еместерге ұқсағандар әлде ұқсағысы келгендер бізден емес»*. Мұсылман, иманның берген байлығын өз бойында сақтап, қорғай білуі қажет. Мұсылман өзге адамдардан абзал. Яғни, мұсылманның орны ерекше. Сондықтан өзінен дәрежесі төмендерге еліктеп, оларға қызығуға жол бермеуі керек. Егер де ол мұсылман бола тұра өзгелерге еліктеп, қызығушылық танытар болса, Ислами тұлғалық (мұсылманша) қасиетінен айырылады. Өйткені, әлжуаз әрі тұлғалық қасиеті нашар адамдар ғана еліктеуге бейім келеді. Ислами тұлғасын толық қалыптастырғандар өмірдегі кез-келген қиыншылыққа мойымай, төтеп бере алады. Өзгелердің сыны мен мазағына бой алдырмайды.

## Жиырма төртінші хадис

**Мойынсұну және қанағат тұту**

عَنْ أَسْمَاءَ بِنْتِ أَبِي بَكْرٍ قَالَتْ: جَاءَتْ إِمْرَأَةً إِلَى النَّبِيِّ (ﷺ) فَقَالَتْ: إِنَّ لِي  
 ضَرَّةً فَهَلْ عَلَيَّ جُنَاحٌ أَنْ أَتَشَعَّ مِنْ مَالِ زَوْجِي بِمَا لَمْ يُعْطِنِي؟  
 فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ: «الْمُتَشَعُّ بِمَا لَمْ يُعْطَ، كَلَابِسِ ثَوْبِي زُورٍ»

**Мағынасы:**

Хазіреті Әбу Бәкірдің қызы Асманың (р.а.) айтуынша: «Бір әйел кісі Пайғамбарымызға (с.а.у.) келіп: «Менің жолдасым бар. Күйеуімнің маған бермеген малынан қарнымды тойдырсам, маған күнә болады ма?» - депті. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Берілмеген (руқсат етілмеген) нәрсемен қарнын тойдырған кісі бірінің үстіне бірін киген жарамсыз киім сияқты» деп жауап беріпті» (Бұхари, Никах 106; Мұслим, Либас 127).

**Хадиске түсініктеме:**

Хадистің арабшасындағы «муташаббиху» сөзі аш уақытта тоқ сияқты етіп көрсету, пақыр болса да бай етіп көрсету деген мағыналарды білдіреді. Сондықтан хадисте жоқ нәрсені бар етіп көрсеткен кісі жайында әңгіме қозғап тұр. Әйел кісі күйеуінің бермеген нәрсесін берді деп немесе біреуден алған затын әлде киімін өзінікі сияқты көрсетіп, мақтанар болса, Ислами түрғыдан жақсы мінез-құлыққа жатпайды. Мойынсұну, қанағат тұту мұсылман әйелдің басты міндеті. Дүниенің өткінші қызығына салынбай, Аллаһ Тағаланың ризалығына бөленіп «қанағат қарын тойғызар» демекші барға қанағат жасауы тиіс.



## Жыярма бесінші хадис

## Әйелдің екі ерекшелігі

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ، عَنْ رَسُولِ اللَّهِ (ﷺ) أَنَّهُ قَالَ: «يَا مَعْشَرَ النِّسَاءِ تَصَدَّقْنَ وَأَكْثِرْنَ الْاسْتِغْفَارَ. فَإِنِّي رَأَيْتُكُنَّ أَكْثَرَ أَهْلِ النَّارِ». فَقَالَتْ إِمْرَأَةٌ مِنْهُنَّ، جَدَلَةٌ: وَمَا لَنَا يَا رَسُولَ اللَّهِ! أَكْثَرَ أَهْلِ النَّارِ. قَالَ: «تُكْثِرْنَ اللَّعْنَ وَتَكْفُرْنَ الْعَشِيرَةَ وَمَا رَأَيْتُ مِنْ نَاقِصَاتِ عَقْلِ وَدِينِ أَغْلَبَ لَدَيَّ لُبَّ مَنْكُنَّ»  
 قَالَتْ: يَا رَسُولَ اللَّهِ! وَمَا نُقْصَانُ الْعَقْلِ وَالدِّينِ؟ قَالَ: «أَمَّا نُقْصَانُ الْعَقْلِ فَشَهَادَةُ إِمْرَأَتَيْنِ تَعْدِلُ شَهَادَةَ رَجُلٍ، فَهَذَا نُقْصَانُ الْعَقْلِ. وَتَمَكُّتُ اللَّيَالِي مَا تُصَلِّي، وَتَفْطِرُ فِي رَمَضَانَ فَهَذَا نُقْصَانُ الدِّينِ»

## Мағынасы:

Абдуллаһ бин Омардың (р.а.) айтуынша Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): «Ей, Әйелдер қауымы! Садақа беріңдер! Көбірек кешірім сұраңдар! Өйткені тозақтағылардың көпшілігі әйелдер екенін көрдім» деген. Сонда олардың арсынан бір әйел тұрып:

- Уа, Аллаһтың Елшісі! Біз тозақта көп болатындай не істеп-піз? - деді. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): «Сендер қарғысты көп айтасыңдар, күйеулеріңе қарсы келіп, күпір айтасыңдар. Ақылы мен дінінде кемшілігі бар адамдардың, ақылды кісілерді жеңгенін көрмедім» деді. Сонда әлгі әйел:

- Уа, Аллаһтың Елшісі! Ақылы мен дінінде кемшілігі бар дегеніңіз қалай? - деп сұрады. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): Ақылдың кемдігіне келер болсақ екі әйелдің куәлігі бір еркектің куәлігімен тең. Ақылдың кемдігі осы. Әйелдер бірнеше күн намаз оқымайды, Рамазан айында да бірнеше күн ораза тұтпайды, діндегі кемшілігі дегенім осы» - деп жауап берді (Бұхари, Хайыз 6; Мүслим, Иман 132).

### Хадиске түсініктеме:

Айналасындағылардың бәріне қарғыс айту араб әйелдерінің әдеттерінде бар еді. Кейіннен уақыт өте келе осы жағымсыз әдет кең етек алып, тіпті еркектер де осы дертке шалдықты. Олар ұнатқан адамдарына да қарғыс айтуды әдетке айналдырды. Мысалы: «Пәленше қандай керемет ақын, Аллаһ оған қарғыс айтсын» дейтін. Осыншама жиіркенішті адамдарды құлан таза айықтырып, адамдықтың қағидаларын үйреткен Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) адамдардың тозақ отына түсуіне себепші болатын басты нәрсе тіл екенін білдірді. *«Мен көркем мінезді толықтыру үшін жіберілдім»* деп, тіл тұрғысынан үмбегіне әсіресе әйел затына ескерту жолдаған. Қарғыс айту мен берілген нығметке шүкір етпей қарсы келу адамның тозаққа түсуіне себепші болатындықтан бұл екеуі күнәлі істер қатарына жатады. Хадистегі ақылы мен дінінде кемшілігі бар деп айтылуы әйел затын жамандау үшін емес. Өйткені, ондай кемшілік олардың жаратылыстарында бар. Ақылы мен дінінде кемшілігі бар деп сипатталғанын еркектерді олардың бүліктерінен сақтандыру үшін деп түсіну керек. Бұлай дейтініміз кейбір әйелдер кемшіліктері бола тұра еркектерді басынғысы келеді. Олардың мұндай әрекеттері үлкен ағаттық болып есептеледі. Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) олардың осындай қылықтарына таңданатындығын хадисте ашып айтқан. Осы хадисте ақыл мен дінінде кемшілігі бар деп барлық әйел затын меңзеген. Бірақ, Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір хадисінде: *«Дүниедегі әйелдердің мына төртеуі саған жеткілікті олардың орны ерекше. Атап айтар болсам: Имранның қызы Марям, Перғауынның әйелі Асия, Хуайлидің қызы Хадша, Мұхамедтің қызы Фатима»* деп оларды ерекше атаған. Бұл хадистерден мынадай тұжырым шығаруға болады: «Бір нәрсеге жалпылама үкім берілсе, сол нәрсенің ішіндегілердің барлығына тиісті бол-

майды». Яғни, әйелдердің көпшілігінде ақыл мен дінде кемшілік бар десе де, кейбір әйелдер көпшілік еркектерден әлдеқайда артық. Ақыл жағынан да, діндарлық жағынан да еркектерді басып озатын әйелдер де бар. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) қиямет қайымға дейін болатын барлық нәрсені теледидардан көріп тұрғандай үмбетіне айтып берген. Мұны өздігінен емес Аллаһтың білдіруімен айтқан. Яғни, тозақ пен жұмақты көруі әрі тозақтағылардың көпшілігінің әйелдер екендігін көруі соның нәтижесі. Сондықтан да мұсылман әйелдерді садақа беруге, қайырлы іс істеуге, кешірім сұрап жалбарынуға шақырған.

Сонымен қатар берілген нығметке шүкір етпей қарсы шығу мен қарғыс айтудың үлкен күнә екенін білдіріп, мұсылман әйелдерді мұндай істерден тыйған. Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір хадисінде: *«Кімде-кім бір нәрсеге қарғыс айтса сол қарғыс аспанға көтеріледі, аспанның қақпалары жабылады. Содан кейін жерге түседі де қарғысты қабылдамайды. Кейіннен қарғыс оңды-солды жүреді. Тұрақты орын таппағандықтан қарғыс айтылған адамға барады. Егер ол адам қарғысқа лайық болса сонда қалады. Егер лайық болмаса қарғыс, қарғысты айтқан адамның өзіне барады»* деп жөн-жосықсыз сөйлеуден және де қарғыс айтудан барша мұсылмандарды, соның ішінде әйелдерді тоқтатқан. Қазақта «айтылған сөз атылған оқпен тең» демекші әрбір сөйлеген сөзімізге ерекше мән бергеніміз жөн.

## Жырма алтыншы хадис

## Зікір

عَنْ يُسَيْرَةَ قَالَتْ: قَالَ لَنَا رَسُولُ اللَّهِ (ﷺ): «عَلَيْكُمْ بِالتَّسْبِيحِ وَبِالتَّهْلِيلِ  
وَالْتَّقْدِيسِ وَاعْتَقِدْنَ بِالْأَنَامِلِ فَإِنَّهُنَّ مَسْئَلَاتٌ مُنْتَطِقَاتٌ، وَلَا تَعْفُلْنَ  
فَتَنْسِينَ الرَّحْمَةَ»

**Мағынасы:**

Юсәйра (р.а.) Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) бізге былай деп айтты дейді: *«(Ей, мұсылман әйелдері) сендерге «Субханаллаһ», «Лә иләһә иллаллаһ» «Суббухун, Құддусун раббул мәләйкәти уаррух» секілді зікірлер өте қажет. Мұны айтқанда саусақтарыңды санаңдар. Өйткені, саусақтарыңнан сурақ сұралады әрі сөйлетіледі. Ғапыл болудан сақтаныңдар, мейірімнен жүрдай боласыңдар»* (Тирмизи, Дағуат 120).

**Хадиске түсініктеме:**

Аллаһ алдында көптеген ерекшеліктерге тән үмбетке жатамыз. Осы ерекшеліктердің бірі ретінде өміріміз қысқа, ақыреттегі пайдамыз мол болатындығын айта аламыз. Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Үмбетімнің орташа жасы, алтыс пен жетпістің арасы. Сондықтан қысқа ғана ғұмырды әйтеуір, қалай болса солай өткізбеуіміз керек»* деген. Құлшылық қылу жөнінен әйелдердің өмірі еркектерге қарағанда өте қысқа. Өйткені, олар кейбір жағдайларға байланысты құлшылықты орындай алмайды. Олар мұндай жағдайда да Аллаһты еске алып, уақытты босқа өткізбеуі керек. Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) тағы бір хадисінде: *«Ғапылдық үш нәрседен тұрады:*

1. Аллаһты зікір етпеу;
2. Таң намазынан кейінгі ишрақ уақытына дейінгі уақыт;
3. Қарызын уақытында бермей жинау» - деген.

Әрбір адам дене мүшелері үшін садақа беруі керек. Дене мүшелерінің шүкірін осылай істегенде ғана өтей аламыз. Күн сайын садақа беру бай адамның өзіне де ауыртпалық түсіреді. Олай болса денеміздің шүкірін қалай өтейміз. Сондықтан да Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.): «*Әрбір субханаллаһ, әлхамдулиллаһ, Аллаху акбар, лә иләһә иллаллаһ, жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю, әрбір игі сөз бен қайырымды іс садақа болып есептеледі*» деп садақа берудің жолын білдірген. Олай болса Аллаһты зікір еткен сайын сауабқа кенеліп қана қоймай, садақа берген болып есептелеміз. Мұсылман кісі мен Аллаһты зікір етемін, садақа бермесем де болады дей алмайды. Мұндай игі сөздер садақа беруге шамасы жетпейтіндер үшін айтылған. Ал мүмкіншілігі бар адамдар садақа беріп қана қоймай, Аллаһты да зікір етеді. Аллаһ Тағала Ясин сүресінің 65 аятында: «**Ол күні олардың ауыздарын мөрлейміз. Бізге олардың қолдары сөйлеп, не істегендеріне аяқтары айғақ болады**» деген. Айтқан зікірі мен тәсбихтеріне саусақтары куәлік етсін деп, мұсылман әйелдерге осы сөздерді саусақтары арқылы орындау керектігін көбірек айтқан. Аллаһ Тағала баршамызды ғапылдықтан сақтасын. Дүние мен ақыретке пайдалы іс істеуді нәсіп етсін. (Әмин!)



Жыярма жетінші хадис

### Баласын күйеуге айырбастаған әйел

عَنْ عَوْفِ بْنِ مَالِكٍ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ (ﷺ): أَنَا وَإِمْرَأَةٌ سَعْفَاءُ الْحَدِيدِ  
 كَهَاتَيْنِ يَوْمَ الْقِيَامَةِ {وَوَفِي لَفْظٍ: أَنَا وَإِمْرَأَةٌ سَعْفَاءُ فِي الْجَنَّةِ كَهَاتَيْنِ} — وَ  
 جَمَعَ بَيْنَ إِصْبَعَيْهِ السَّبَابَةِ وَالْوُسْطَى — إِمْرَأَةٌ ذَاتُ مَنْصِبٍ وَجَمَالٍ أَمَتْ  
 مِنْ زَوْجِهَا حَبَسَتْ نَفْسَهَا عَلَى أَيْتَامِهَا حَتَّى بَاتُوا

**Мағынасы:**

Ауф бин Мәликтің (р.а.) айтуынша Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын біріктіріп: *«Мен, сұлу да әдемі бола тұра күйеуі өлгеннен кейін тұрмысқа шықпай, боянбай балаларына қараған әйелдермен жұмақта осылай бірге боламыз»* деген (Ахмед ибн Ханбәл 6/29).

**Хадиске түсініктеме:**

Мүминдердің барлығы жұмаққа кіреді. Бірақ олардың жұмақтағы дәрежелері бірдей болмайды. Олар иманы мен амалдарына қарай әр түрлі дәрежеде болады. Бұл жайлы Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) бір хадисінде былай дейді: *«Жұмақтағылар өздерінен жоғарыда тұратындарды шығыс пен батыстағы жарық жұлдыздарды көргендей айқын көреді. Өйткені олардың араларында айырмашылықтар бар»*.

**Сахабалар:**

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Жоғары дәреже Пайғамбарлардікі емес пе? Оған өзгелер қалай қол жеткізеді? - деп сұрағанда; Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): *«Аллаһтың атымен ант етемін! Олар Аллаһқа сеніп пайғамбарды растаған бір топ адамдар»* деп жауап береді. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) сахабалардың ойлағанындай жұмақтағы үлкен дәреженің тек қана пайғамбарға тиісті еместігін, оған Алаһқа шынайы сеніп, пайғамбарларды растаған адамдарға да нәсіп ететінін білдірген. Мүминдердің шексіз қуаныштары – Хазіреті Пайғамбармен (с.а.у.) жұмақта бірге болу. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) тірі кезінде жұмақта қандай адамдар өзімен бірге болатынын кейде білдіріп те отырған. Жоғарыдағы хадисте күйеуі өлсе де тұрмысқа шықпай, бала тәрбиесімен айналысқан әйел өзімен бірдей дәрежеде болатындығын айтқан. Тағы да бір хадисінде: *«Өзінің немесе өзгелердің жетім қалған балаларына қараған адаммен жұмақта былай боламыз деп сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын көрсеткен»*. Бұл хадистің негізгі мағынасы мұндай қайырлы істерді істеген адамдардың дәрежесі үлкен болады. Пайғамбарымыздың дәрежесіне жету оңай іс емес. Күйеуі

өмірден өткен әйел тұрмысқа шықсам, балаларымның жағдайы не болады деп, тұрмысқа шықпаса Хазіреті Пайғамбар оларды өзімен бірге болатындығымен сүйіншілеген. Әрине балаларын бағып-қағу ниетінде болса. Әбу Һұрайраның айтуынша Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) Әбу Талибтың қызы Умму Ханиді өзіне тұрмысқа шығуын өтінген. Сонда ол:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Мен қартайдым, оған қоса балаларым да бар деп, тұрмысқа шығуға қарсылығын білдірген. Мұны естіген Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): «*Бұл түйеге мінген Араб әйелдерінің ең қайырлысы*» - деген.



*Жыярма сезізіні хадис*



### Әйел тәрбиесі

عَنْ أَبِي سَعِيدٍ الْخُدْرِيِّ قَالَ: قَالَتِ النِّسَاءُ لِلنَّبِيِّ (ﷺ) غَلَبْنَا عَلَيْكَ الرَّجَالَ فَاجْعَلْ لَنَا يَوْمًا مِنْ نَفْسِكَ، فَوَعَدَهُنَّ يَوْمًا لَقِيَهُنَّ فِيهِ فَوَعظَهُنَّ وَأَمَرَهُنَّ، فَكَانَ فِيهَا قَال لِهِنَّ: «مَا مِنْكُنَّ إِمرَأَةٌ تُقَدِّمُ ثَلَاثَةَ مِنْ وَلَدِهَا إِلَّا كَانَ لَهَا حِجَابًا مِنَ النَّارِ» فَقَالَتْ إِمرَأَةٌ: وَائْتَيْنِ؟ قَالَ: «وَائْتَيْنِ»

#### Мағынасы:

Әбу Сайд Әл-Худриден риуаят етілген хадисте әйелдер Хазіреті Пайғамбарға (с.а.у.): «Ей, Аллаһтың елшісі (сізді тыңдау үшін) бізге еркектер мұрсат бермейді. Бізге де бір күн көңіл бөліңіз» - деді. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) оларға арнайы бір күн белгіледі. Әйелдер белгіленген күні келді. Оларға уағыз жүргізді. Кейбір нәрселерді өмір етті. Оларға айтқандарының бір бөлімі мына төмендегідей еді: «*Кімде-кімнің өзінен бұрын үш баласы шетінесе оған балалары отқа түсірмейтін қалқан бола-*

ды». Олардың ішінен бір әйел: «Екеу болса ше?» - деді. Екеу болса да солай» - деді (Бұхари, Ілім 36).

### **Хадиске түсініктеме:**

Әйел кісі балалардың ең тамаша тәрбиешісі. Сондықтан балаларды жақсылап тәрбиелеу үшін әуелі әйел кісінің өзі тәрбиелі, көрегенді болуы тиіс. Бала тәрбиесінде әсіресе оның сәби кезіндегі шағы өте маңызды рөл ойнайды. Ол өз бойында жоқ қасиеттерді баласының бойына беруіне де болады. Өйткені, өмірдегі қаншама дана, атақты адамдар сол аналардың қолында тәрбиеленді емес пе? Сондай-ақ, батыр әрі ер жүрек жігіттерді де әйел адам тәрбиелеп өсірді. Көрегенді ибалы әйел, күйеуінің де көңілін табады. Оған қолғабыс көрсетеді. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) Хадиша жайында былай деген: *«Аллаһтың атымен ант етемін! Аллаһ Тағала маған Хадишадан қайырлы әйел бермеген. Адамдар маған сенбегенде ол сенді, барлық адам мені жалғаншы дегенде ол мені растады. Адамдар маған қарсы шыққанда ол мені жақтады, маған жәрдемші болды»*. Әйелдерге оқу мен жазуды үйренуді бұйырған Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) бір хадисінде: *«Қол астындағы күңді жақсылап тәрбиелеп, оны оқытқан адамға Аллаһ Тағала екі есе сауап береді»* деген. Білмейтінін үйренген әйелдер жайлы Айша анамыз: «Ансарлардың әйелдері қандай жақсы әйелдер. Олар қанша қиналса да діндерін үйренді» деген. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) Мәдинада тұратын әйелдердің дінге деген қызығушылығына әрі үйренеміз деген талаптарына байланысты оларға аптасына бір күн уақытын бөлген. Қазіргі кезде де Ислам жамағаттарының қайта өркендеуіне мұсылман әйелдер өз үлесін қосып келеді. Бір күні Хазіреті Омар мінбеге шығып мұсылмандарға үйленгенде мәһірді көп бермеу керектігін айтты. Мұны естіген әйелдердің бірі: «Ей, Омар! Сенің бұлай деуге ешқандай ақың жоқ!» деп, Құрандағы аяттарды оқып көзқарасын білдірді. Сонда Хазіреті Омар: «Субханаллаһ! Әйел Омарды үнсіз қалдырды деп, райынан қайтты».



## Жырма тоғызыншы хадис

**Әйелдің мешітке баруы**

عَنْ ابْنِ عُمَرَ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ ﷺ: «لَا تَمْنَعُوا نِسَاءَكُمْ الْمَسَاجِدَ،  
وَيُيُوتُهُنَّ خَيْرٌ لَّهُنَّ»

**Мағынасы:**

Абдулаһ бин Омардың (р.а.) айтуынша Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) былай деген: *«Әйелдердің мешітке кіруіне тыйым салмаңдар (кедергі болмаңдар). Бірақ олар үшін үйлері әлдеқайда артық»* (Мишкатул Мәсабиһ I том, 3346 хадис 1062).

**Хадиске түсініктеме:**

Намаз иман келтіргеннен кейінгі әрбір мұсылманның ең басты құлшылықтарының бірі. Осы құлшылықты бес уақыт мешітте орындау еркектер үшін өте үлкен сауап. Әйелдерге де осы құлшылықты толық орындау міндеттелген. Бірақ олар үшін намазды үйлерінде оқу әлдеқайда артық. Әйелдердің мешітке барып-бармауы жөнінде ғалымдар бір тұжырымға келе алмаған. Имам Нәуәуи: «Қартайған әйел үшін де үйінен артық жер жоқ» деген. Абдуллаһ бин Масғуд: «*Әйел әурет болып саналады. Ол үйінде отырған уақытта Аллаһқа жақын болады. Көшеге шығар болса оның ізіне шайтан түседі*» деген. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): «*Әйелдің бөлмесінде оқыған намазы үйінде оқыған намазынан, ал бөлмесінің бір бұрышында оқыған намазы, бөлмесінде оқыған намаздан әлдеқайда артық*» деген. Ибн Омардың (р.а.) риуаят еткен хадисінен мынадай нәтиже шығаруға болады: Әйелдің жамағатпен намаз оқуы үшін мешітке баруына тыйым салынбаған. Бірақ, бүліктен сақтану мақсатымен үйінде отыруды дұрыс көрсе оның ең қайырлы ісі болып саналады. Өйткені, Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): «*Әйелдің жеке оқыған намазы, ме-*

*шітте оқыған намазынан жиырма бес есе артық»* деген. Әйел адам мешітке баруына тура келген кезде ол ұятты жерлерін жауып, хош иіс себуден сақтанғаны жөн. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) бұл тұрғыда: *«Әйел хош иіс сеуіп мешітке барса, ол иісін кетірмейінше намазы қабыл болмайды»* деген. Мешіт ішінде де олар үшін ең қайырлы орын, ең арқадағы қатар. Бұл жайлы Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): *«Еркектер үшін ең қайырлы қатар алдыңғы, ең жаманы соңғы сап. Әйелдер үшін ең қайырлысы ең соңғы сап, ең жаманы әуелгі сап»* деген.



### Отызыншы хадис

#### Әйелдің құйеуіне құрмет көрсетуі

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ (ﷺ): «لَوْ كُنْتُ أَمْرًا أَحَدًا أَنْ يَسْجُدَ لِأَحَدٍ،  
لَأَمَرْتُ الْمَرْأَةَ أَنْ تَسْجُدَ لِزَوْجِهَا»

#### Мағынасы:

Әбу Һұрайрадан (р.а.) риуаят етілген хадисте Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): *«Егер адамның адамға сәжде етуіне әмір етер болсам, әйелдің құйеуіне сәжде етуіне әмір берер едім»* деген (Тирмизи, Рида 10).

#### Хадиске түсініктеме:

Пенденің Аллаһқа жақындайтын ең керемет сәті сәжде халінде. Ол маңдай мен мұрнын жерге тигізу арқылы орындалады. Сәжде делінгенде осы мағына көз алдымызда бейнеленеді. Періштелердің Хазіреті Адамға және Жүсіпке (ғ.с.) бауырларының сәжде етуіндегі мақсатын құрмет көрсету деп түсіну керек. Ислам діні мұндай әрекеттерді адамның адамға иілуі болғандықтан тыйым салған. Адамның адамға құрмет

көрсету мақсатымен иілуі «сәлем» ретінде болғандықтан оның ешқандай әбестігі жоқ. Аллаһтан өзгесіне сәжде етуге Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) өзі де әмір бере алмайтынын жоғарыдағы хадисінен көруге болады. Егер рұқсат берілген жағдайда әйелдің күйеуіне сәжде етуіне әмір берер еді. Бұл хадистің айтылуындағы негізгі мақсат мына төмендегідей: Ансарлардың біреуінің өте асау түйесі болады. Асаулығы соншалық жанына адам жуытпайтын. Сондықтан оны иесі еш пайдасына жарата алмады. Қатты ызаланып мұны Хазіреті Пайғамбарға (с.а.у.) айтты. Пайғамбар қасына бірнеше сахабаны ертіп түйе жүрген жерге барды. Сахабалар:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Оған жақындамаңыз. Сізге зиянын тигізуі мүмкін. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): *«Ол маған ештеңе істей алмайды. Мені таниды»* - дейді. Түйенің қасына жақындады. Қолын түйенің басына апарып, басын сипады. Түйе басын жерге қойып Хазіреті Пайғамбарға (с.а.у.) құрмет көрсетті. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) мұғжиза ретінде түйемен сөйлесті. Түйе иесінің су, шөп бермей аштан-аш байлайтынын, онымен қоймай тынымсыз жұмыс істететіндігін айтып шағымданды. Түйенің Пайғамбарға (с.а.у.) көрсеткен құрметіне таңқалған сахабалар былай деді:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Ол жануар бола тұра сізге бас иіп сәжде етті. Біз адамбыз ғой, сізге сәжде етсек жараспай ма? Бізге саған сәжде етуге рұқсат бер. Сонда Пайғамбар (с.а.у.) оларға қарап:

– *Адамның адамға сәжде етуін әмір етер болсам, әйелдің күйеуіне сәжде етуіне әмір берер едім,* - деп жауап берді.

## Отыз бірінші хадис

**Әйелді мейірімнен ұзақтататын амал**

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ (ﷺ): «إِذَا دَعَا الرَّجُلُ إِمْرَأَتَهُ إِلَى فِرَاشِهِ فَبَاتَ غَضِيْبَانَ عَلَيْهَا لَعْنَتُهَا الْمَلَائِكَةُ حَتَّى تُصْبِحَ»

**Мағынасы:**

Әбу Һұрайрадан (р.а.) риуаят етілген хадисте Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) былай деген: *«Ері әйелін төсекке шақырғанда келмесе, оның бұл әрекетіне күйеуі ренжіп жатып калса, таң атқанға дейін періштелер ол әйелге лағнет айтады»* (Бұхари, Бәдүль-Хали 7; Тирмизи, Рида 10; Әбу Дәуіт, Никах 40).

**Хадиске түсініктеме:**

Хадистегі төсекке шақыру сөзінен мақсат жыныстық қатынас жасау. Бұл хадистен үзірсіз (етек кірі жоқ) әйелдің, күйеуінің тілегіне қарсы шығуына болмайды деген үкім шығаруға болады. Хадистегі таң атқанша деген сөзден түн мезгілі екені аңғарылады. Ал негізінде күн болсын, түн болсын қай кезде шақырса да баруға міндетті. Өйткені, кей риуаятта «келгенге дейін» десе енді біреуінде «күйеуі разы болғанға дейін» деген. Хазіреті Әбу Һұрайра мына хадисті де риуаят еткен: «Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) «мусаууифа» мен «муғаллисаға» лағнет айтқан. Мусаууифа: күйеуінің қалауын қабылдамаған әйел. Муғаллиса: күйеуінің қалауын хайыз (етек кір) болмаса да хайызбын деп қабылдамаған әйел». Осы жайында ибн Хузәйма мен ибн Хиббан Хазіреті Пайғамбардан (с.а.у.) мынадай хадис риуаят еткен: *«Үш адамның намазы қабыл болмайды, істеген жақсылықтары көкке ұшады. Олар мыналар: Үйіне келмей қашып жүрген құл, сауықпаған мас және күйеуі разы болмаған әйел»*. Бұл хадистен

періштелер күйеуіне құлақ салғандарға қайырлы дұға, ал қарсы келгендерге теріс дұға жасайтындығын аңғаруға болады.



**Отыз екінші хадис**

**Әйелге жұмақтың иісін сездірмейтін амал**

عَنْ ثَوْبَانَ، أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ (ﷺ) قَالَ: «أَيُّمَا امْرَأَةٍ سَأَلَتْ زَوْجَهَا طَلَاقًا مِنْ غَيْرِ بَأْسٍ، فَحَرَامٌ عَلَيْهَا رَائِحَةُ الْجَنَّةِ»

**Мағынасы:**

Сәубәннің айтуынша Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) былай деп айтқан: *«Қандай да бір әйел, ешқандай себепсіз күйеуінен ажырасқысы келсе, оған жұмақтың иісі харам болады»* (Тирмизи, Талақ 11).

**Хадиске түсініктеме:**

Әйел адам жанұяның шырқын бұзбай, оның негізгі ұйытқысы болатын адам. Үй болғаннан кейін ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды. Сондықтан келеңсіз жағдайлар мен түсініспеушілік болып жатса сабыр сақтап, ұтымды шешім табуға тырысу керек. Болмашы нәрсеге бұрқан-талқан болып ажырасудың жолын іздемеу қажет. Тек қана Ислами орта құрай алмайтын жағдайда ғана ажырасуға болады. Одан өзгесін сылтауратып, басқа еркекке тұрмысқа шығу үлкен ағаттық. Бұл ең алдымен қастандық болса, екіншіден үлкен өкінішке соқтырады. Хазіреті Пағамбар (с.а.у.) бір хадисінде: *«Үйленіңдер бірақ ажыраспаңдар. Өйткені, ажырасқанда аспан дірілдейді»* деген. Мұсылман әйел тығырыққа тірелгенде, ажырасуға бола ма әлде болмай ма бұл жайлы ғалымдардан немесе үлкендерден ақыл-кеңес сұрау керек. Алдамшы сезімнің шылауына ілініп бұрыс шешім

қабылдаудан сақтанған жөн. Ерлі зайыптылардың біреуі ажырасуды қаламаса, сондай-ақ үлкен маңызды нәрсе болмаса ажырасам деуші адам нағыз залымның өзі болады. Егер де екі жақ та ажырасамыз десе ондай жағдайда залымдықтан құтылады. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): «*Аллаһ Тағаланың жек көретін адал нәрсесі, ажырасу*» деген.



Отыз үшінші хадис

*Күйеуіне жапа шектірген әйелдің халі*

عَنْ مُعَاذِ بْنِ جَبَلٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ عَنِ النَّبِيِّ (ﷺ) قَالَ: «لَا تُؤْذِي إِمْرَأَةً زَوْجَهَا فِي الدُّنْيَا إِلَّا قَالَتْ زَوْجَتُهُ مِنَ الْحُورِ الْعَيْنِ: لَا تُؤْذِيهِ قَاتِلِكَ اللَّهُ! فَإِنَّمَا هُوَ عِنْدَكَ دَخِيلٌ يُوشِكُ أَنْ يُفَارِقَكَ إِلَيْنَا»

**Мағынасы:**

Муаз бин Жәбәлдан (р.а.) риуаят етілген хадисте Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) былай деген: «*Қандай да бір әйел күйеуіне жапа шектірсе, ол еркектің хурилерінің бірі (жұмақтағы әйелі) сол әйелге: Аллаһ сенің жаныңды алсын, ол адамға тиісуші болма. Ол сенің жаныңдағы қонағың, әлі сенен айырылып, бізге қауышады*» дейді (Ибн Мәжә, Нихах 62).

**Хадиске түсініктеме:**

Арабша Хуруль-айн сөзі: «Ақ болса, аппақ, қара болса қап-қара», көзді әйелдер деген мағынаға келеді. Жұмақта ер кісілерге берілетін жұмақтық әйелдер. Ол Аллаһтың ер кісілерге деген сыйы. Бұл хадис әйел кісінің күйеуіне жөн-жосықсыз тисуіне жол бермеу мақсатымен айтылған. Егерде күйеуі сарандық танытып, егер қажетті заттарды алмайтын болса, оның мұндай жағымсыз әрекетінен арылу мақсатында намысына тиерлік

сөз айтар болса, онда тұрған ештеңе жоқ. Хуридің: «Ол сенің жанындағы қонағың» деген сөзінің мағынасы ол дүниеде сенің жаныңда уақытша тұрақтайды дегенге келеді. Сондықтан да ол қонақ болып саналады. Сен оның шынайы жұбайы емессің. Оның шынайы әрі нағыз жұбайы жұмақтағы оны күтетін бізбіз. Жақында сенен айырылып бізге келеді.

Демек қор қыздарының мұндай сөзіне ұшырамауы үшін әйел кісілер күйеуіне жапа беруден сақтанғандары жөн. Негізінде адамның адамға жапа беруі Ислам әдебіне жат нәрсе. Сүйікті Пайғамбарымыз (с.а.у.) өз үмбетін мұндай жаман әдеттен сақтандыра отырып былай деген: *«Мұсылмандарға жапа бермеңдер, олардың көңілдерін қалдырып қателіктерін бетіне баспаңдар»*. Адамдарға қиянат жасауды әдетке айналдырған адам қанша жерден діндар болса да ақыретте азапқа ұшырайды. Пайғамбар (с.а.у.) сахабаларға: «Шығынға ұшыраған адамның кім екенін білесіңдер ме?» - деп сұрағанда олар: «Уа, Аллаһтың елшісі! Біздің ойымызша шығынға ұшыраған адам қалтасында бір тиыны жоқ мал-мүлкінің бәрінен жұрдай болған адам» - деп жауап қайырады. Сонда Пайғамбар (с.а.у.): *«Нағыз махрұм адам қиямет күні намаз оқыған, ораза тұтқан және зекетін берген адам. Бірақ ол әркімді бір жамандап, әркімді жеңіл жүріспен жүрді деп кінә тағып, мұнысымен ғана қоймай әркімнің мал-мүлкіне қол сұғып, адамдарды мазалап тыныштық бермеген адам. Ол жинаған сауабының барлығын жұрттарға таратып береді. Егерде есепке тартылмай тұрып сауабының барлығы таусылып, олардың күнәларының барлығын мойнына алар болса тозаққа барады»* деген. Мұсылманның өзгеге қиянат жасауы қаншалықты күнә екенін өзіңіз ойлай беріңіз. Өйткені, әйел адам алдымен Аллаһ Тағаланың әміріне бас иуге міндетті болса, екінші кезекте күйеуінің көңілін табуға міндетті.

## Отыз төртінші хадис

**Азил (баланы алдырып тастау)**

عَنْ سَعِيدِ الْخُدْرِيِّ قَالَ: أَصَبْنَا سَبِيًّا فِي يَوْمِ حُنَيْنٍ فَكُنَّا نَلْتَمِسُ فِدَاءَهُنَّ فَسَأَلْنَا رَسُولَ اللَّهِ ﷺ عَنِ الْعَزْلِ فَقَالَ: «إِصْنَعُوا مَا بَدَأَ لَكُمْ فَمَا قَضَى اللَّهُ فَهُوَ كَاتِنٌ فَلَيْسَ مِنْ كُلِّ الْمَاءِ يُكُونُ الْوَلَدُ»

**Мағынасы:**

Әбу Сайд Әл-Худри (р.а.) былай деген: Хунәйн соғысында күндерді құтқарған болатынбыз. Фидия алып, босатамыз деп ойладық. (Өйткені оларды жүкті қылып жібергіміз келмеді). Хазіреті Пайғамбардан (с.а.у.) азил жайлы сұрадық. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): *«Дұрыс деп шешкендеріңді істеңдер. Аллаһтың қалауы болады. Әрбір мәниден (сперма) бала болмайды»*, - деді (Ахмет бин Ханбәл 3/26).

**Хадиске түсініктеме:**

«Азил» жыныстық қатынас кезінде сперманы сыртқа шығару дегенді білдіреді. Мұндай істің ерікті екендігі жайлы ғалымдар әр түрлі көзқарас айтады. Хазіреті Пайғамбардан (с.а.у.) сұрағанда нақты жауап бермеген. Ислам құқықтанушыларының кейбірі азилге рұқсат десе де ондай істің жағымсыз екендігін айтқан. Сахабалардан жеткен деректерде: «Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) кезінде азил жасайтынбыз. Бірақ мәни көрінбейтін» деген сөзі бар. Сонда да кейбіреулер мұндай іске әйелдің көңілі разы болса рұқсат етіледі дейді. Азил ұрпақтың көбеюіне кедергі болады. Мұндай іс Исламға жат. Сондықтан Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): *«Үйленіңдер, көбейіңдер, нәсіл таратыңдар. Мен сендердің көптіктеріңмен басқа үмбеттер қасында мақтанамын»* деп, үмбетінің көбеюіне ақыл берген.



## Отыз бесінші хадис

**Екі рет тұрмыс құрған әйелдің жұмақта қайсы күйеуімен бірге болатыны жайлы**

عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا قَالَتْ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ ﷺ:  
«الْمَرْأَةُ لِأَخْرِ زَوْجِهَا»

**Мағынасы:**

Хазіреті Айша (р.а.) анамыз риуаят еткен хадисте Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) былай деген: «*Әйел жұмақта – дүниеде некелескен соңғы күйеуінікі болады*» (Файзул-Қадыр, хадис 9192).

**Хадиске түсініктеме:**

Мұсылман болып өлген әйелдердің жұмаққа кіріп, мұсылман болып өлген күйеулерімен бірге болатыны біздерге хадистер арқылы жеткен. Сондай-ақ мұсылман ерлерге хурилер берілетіндігі тағы бар. Өлім немесе ажырасудың себебімен бірнеше рет тұрмысқа шыққан әйелдің қайсы күйеуімен бірге болатындығы бізге беймәлім. Бірақ білгіміз келетін жайт. Бұл жайлы екі түрлі дерек бар:

1. Жоғарыдағы хадисте айтылғандай ол соңғы күйеуімен бірге болады делінген.

2. Үммү Хабибәнің риуаят еткен хадисінде, әдепті, мінезі тамаша күйеуімен болады делінген.

Ибн Хажар әл-Хайтами «Әл-Фәтуа хадиси» атты кітабында осы екі түрлі хадисті былайша байланыстырады: өлім немесе ажырасудың себебімен әйел адам ешкіммен некелеспеген кезінде дүние салар болса әдепті күйеуімен бірге болады. Некелескен күйеуімен бірге тұрғанда дүние салар болса, ондай жағдайда соңғы некелескен күйеуімен бірге болады. Байһақи былай дейді: «Міне сондықтан да мұсылмандарға Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) ха-

нымдарымен үйлену арам болған. Өйткені, олар жұмақта да Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) ханымы болады».



Отыз алтыншы хадис

### Қиыншылықтан құтылудың жолы

عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ (ﷺ): «مَنْ لَزِمَ الْاِسْتِغْفَارَ جَعَلَ اللَّهُ لَهُ مِنْ كُلِّ ضِيقٍ مَخْرَجًا وَمِنْ كُلِّ هَمٍّ فَرْجًا وَرَزَقَهُ مِنْ حَيْثُ لَا يَحْتَسِبُ»

#### Мағынасы:

Абдуллаһ бин Аббастан (р.а.) риуаят етілген хадисте Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) былай деген: *«Кімде-кім үнемі кешірім сұрар болса, Аллаһ Тағала оған әрбір қиыншылықтан құтылатын жол әрі әр түрлі қайғы-мұңнан құтылатын жақсылық нәсіп етеді»* (Әбу Дәуіт, Уитр; ибн Мәжә, Әдеп 37).

#### Хадиске түсініктеме:

Бұл дүние мұсылман үшін сыналатын жер болып есептеледі. Әрбір мұсылман міндетті түрде қиыншылықтармен қоса сыналады. Бұл жайлы Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): *«Дүниенің қызыққа толы екендігі күмәнсіз. Аллаһ адам баласын жер бетінде халифа болсын деп жаратқан. Ол сендердің не істейтіндеріңе қарайды. Олай болса дүниеде сақтанып жүріңдер...»* деген. Ал Құранда: **«Ол сондай Аллаһ, ізгі іс жүзінде қайсыларың жақсы, сынау үшін өлім мен тіршілікті жаратқан»** (Мүлік сүресі 2-аят).

Мұсылман көбінесе қолындағысына шүкір етумен, қиыншылық пен қайғыға сабыр етумен сыналады. Мұны Құранда былайша баяндайды: **«Кім Аллаһқа көркем қарыз берсе, (Аллаһ жолында ықыласпен мал жұмсаса) сонда Аллаһ ол үшін көптеген есе арттырып береді. Аллаһ тарылтады да кеңітеді. Әрі ол жаққа қайтарыласыңдар»** (Бақара сүресі 245-аят).

Адамзат баласының қиыншылықтан арылу жолын Хазіреті Пайғамбардан (с.а.у.) бастап барша ғалымдар Аллаһтан кешірім сұрау екендігін айтқан. Мәселен Хасан Басриге бір кісі келіп мен ашпын деп шағымданыпты, енді біреуі келіп, кедеймін, ал тағы біреуі сәби көргім келеді депті. Шағымданып келгендердің барлығына Аллаһтан кешірім сұраңдар деп өсиет айтыпты. Неге сен барлығына бұлай жауап бердің. Олардың дерттері бірдей емес қой? - деп сұрағандарға ол мына аятты оқыпты: **«Әрі өздеріңді малдар, балалармен қамдайды. Және сендер үшін бау-бақшалар жасап, өзендер ағызады. Аллаһтың ұлықтығын ойламайтын сендерге не болды?»** (Нұх сүресі 12-13 аяттар).

Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) хадистерінің бірінде күн сайын жетпістен көп кешірім сұрап Аллаһқа жалбарынатынын айтқан. Тағы бір хадисінде кешірім сұраудың маңыздылығын былайша жеткізеді: *«Шынымды айтсам кейде жүрегімді гапылдық жайлайды. Бірақ мен күнде Аллаһқа жүз рет тәубе етіп кешірім сұраймын»*. Бұл хадисті ислам ғұламалары әр түрлі жорамалдайды. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) Аллаһтан бір сәт ұзақ болуды үлкен ағаттық деп санап, сол үшін кешірім сұраған дейді. Енді біреулері үмбетінің жағдайын ойлағандығы деп түсіндіреді. Яғни, өзінен кейінгі үмбетінің халіне жаны ашып, олар үшін кешірім сұраған. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) пайғамбар бола тұра күн сайын жетпістен көп кешірім сұраған болса, қарапайым адамның күн сайын қанша рет кешірім сұрау керектігін өзіңіз ойлап көріңіз. Көбірек кешірім сұрау дүниедегі қиыншылықтан құтқарып қана қоймай, ақыретте мәңгі бақытқа жеткізетінін де естен шығармаған дұрыс. Хазіреті Али (р.а.): «Аллаһ кімге кешірім сұрауды нәсіп етер болса, оны тозаққа тастамайды» деген. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): *«Амал дәптерінде кешірім көп сұраған құлға сүйінші»* деп мұндай амалды әдетке айналдырғандардың ақыретте молшылыққа кенелетінін білдірген.

## Отыз жетінші хадис

**Мүминнің басына түскен қайғысы тозаққа түсірмейтін қалқан болады**

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ (ﷺ): «مَا يَزَالُ الْبَلَاءُ بِالْمُؤْمِنِ وَالْمُؤْمِنَةِ فِي نَفْسِهِ وَوَلَدِهِ وَمَالِهِ حَتَّى يَلْقَى اللَّهَ تَعَالَى وَمَا عَلَيْهِ خَطِيئَةٌ»

**Мағынасы:**

Әбу Һұрайрадан (р.а.) риуаят етілген хадисте Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) былай деген: «*Аллаһтың алдына күнәсіз барғанға дейін мүмин ер мен әйелдің басына, бала-шағасына, мал-мүлкіне бәлекет келіп тұрады*» (Тирмизи, Зүһд 57; Муатта, Жәнайз 40).

**Хадиске түсініктеме:**

Мүминнің өмірі сабырдан тұрады. Құлшылығын орындағанда сабырмен сыналса, Аллаһтың тыйымынан сақтанғанда да сабырымен сыналады. Оның соңы қайырлы болатындығы да сондықтан. Мұндай сипат тек мүминге ғана лайық. Егер мүмин пенде қиыншылыққа душар болса, жағдайды сабырмен шешіп тиімді пайдалануды айтып отыр. Сондай-ақ имандылықтың жеткізер жетістігі мол екендігін де білуге болады. Үмбетіне әрдайым Аллаһтан тыныштық пен берекет тілеуді өсиет еткен Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) сауаптың көп болуы үшін қайғы сұрауға мүлдем қарсы болған. Сондықтан Хазіреті Әбу Бәкір (р.а.): «Қайғы мен қасіреттің ішінде жүріп сабыр еткенше, қуанышқа бөленіп жүріп шүкір ету мен үшін әлдеқайда артық» деген. Мүмин сауабым көп болсын деп қайғыны тілемейді. Бірақ Аллаһтың сынақ үшін берген қайғысына сабыр етуі қажет. Мүминнің басына келген қайғы-мұңның екі

түрлі себебі бар: біреуі күнәнің кешірілуі үшін болса, екіншісі, дәрежесінің өсуі үшін. Өйткені дүниедегі қиыншылықтың көпшілігі Пайғамбар мен әулиелердің, иман жүзділердің басына келеді. Екі түрлі жағдайда да мүмин үшін ең қайырлы сәттердің бірі болып саналады. Өйткені Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): «*Аллаһ Тағала қандай да бір құлына қайыр тілесе, оның жазасын дүниеде береді, ал жамандық тілесе оның жазасын қиямет күні толық беру үшін дүниеде бермейді*» деген. Аллаһ Тағала жер бетінде жаратқандарының ішінде адам баласына ерекше үлкен дәреже берген. Мұншалықты үлде мен бұлдеге орауының бас-ты себебі сүйіспеншілігінің нәтижесі. Жұмақтың жаратылуы Аллаһ Тағаланың адамзат баласына деген сүйіспеншілігінің арқасында болса, тозақты жаратуының да басты себебі сол сүйіспеншілігінің айқын көрсеткіші. Сондықтан да Алла Тағала сүйікті құлдарының күнәлары кешірілуі үшін бастарына бәлекет жібереді. Олар мұның сынақ екенін түсініп, сабырлылық танытып, қолдан келгенше шыдап бағады. Олардың мұндай әрекеттеріне Аллаһ Тағала разы болып, жұмаққа кіргізеді. Ал сәл нәрсеге шыдамсыздық танытып, бей-жай күйге түскендерді тозаққа жібереді.



**Отыз сегізінші хадис**

**Жауапкершілік**

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عُمَرَ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ (ﷺ): «كُلُّكُمْ رَاعٍ وَكُلُّكُمْ مَسْئُولٌ عَنْ رَعِيَّتِهِ، وَالْأَمِيرُ رَاعٍ، وَالرَّجُلُ رَاعٍ عَلَى أَهْلِ بَيْتِهِ، وَالْمَرْأَةُ رَاعِيَةٌ عَلَى بَيْتِ زَوْجِهَا وَوَلَدِهَا، فَكُلُّكُمْ رَاعٍ وَكُلُّكُمْ مَسْئُولٌ عَنْ رَعِيَّتِهِ»

**Мағынасы:**

Абдуллаһ ибн Омардан (р.а.) риуаят етілген хадисте Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) былай деген: *«Сақ болыңдар! Сендер шопансыңдар. Әркім өз отарынан сұралады (жауапты). Адамдардың басындағы әмірші шопан болып есептеледі. Ол өз отарына жауап береді. Отағасы жанұя мүшелерінің шопаны. Ол да олар үшін жауапты. Әйел кісі күйеуінің үйі мен балалары үшін шопан болып есептеледі. Ол да олар үшін жауапты. Сендердің барлықтарың шопансыңдар және өз отарларың үшін жауап бересіңдер»* (Бұхари, Жұма 11; Истикрад 20; Мұслим, Имарат 20)7

**Хадиске түсініктеме:**

Аллаһ Тағала жер бетіндегі барша нәрсені белгілі бір жүйемен жаратқан. Осы жүйенің бұзылмауы үшін адамға жауапкершілік жүктеген. Ол Аллаһтың алдында ерекше беделге ие болғандықтан оның жауапкершілігі өте үлкен. Өйткені оның мүмкіншілігі мол. Жауапкершілікті сезіне білетін қоғамды ең бақытты қоғам десек болады. Осындай қоғамдағы ең үлкен жауапкершілік пен міндет оның басындағы басқарушыға жүктеледі. Оның әрбір ісі қоғамда ерекше рөл ойнайды. Ол қоғам ішінде жақсылыққа қарай бейімдесе, жақсы адамдардың саны көбейеді, ал жамандыққа қарай итермелесе онда бей-әдеп адамдар қаптай бастайды. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): *«Әрбір қиянатшы адам үшін қиямет күні қиянатының мөлшеріндей жалауы беріледі. Ең үлкен қиянат адамдардың басына отырған адамның қиянаты»* деген. Қоғамның тәртібіне мемлекет басшысынан кейін, әрбір жанұяның отағасы жауапты болады. Содан кейін әйел затының да өзіне тән жауапкершілігі бар. Әйел адамның жауапкершілігін сезіну бақытты қоғамның құрылуына жетелейді. Болашағын ойлаған адам алдын ала қамданып, жерге дән сеуіп өлместің қамын жасайды. Ал жарты ғасырлық өмірін ойлағандар ағаш отырғызып, оның көлеңкесін ойлайды. Бір ғасырдан кейінгісін ойлағандар ұрпақ тәрбиесімен шұғылданады. Ұрпақты өнегелі, әрі халыққа пайдасын тигізе-

тіндей дәрежеде өсіру үшін олар әйел адамға жауапкершілік сезімін білдіреді. Мұны істей алмағандар өмірде адам тәрізді өмір сүру мүмкіншілігінен айырылады. Жауапкершілікті терең түсінген Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) сахабаларға: *«Егер сендер менің білгенімді білетін болсаңдар көп жылап аз күлетін едіңдер. Төсекте әйелдеріңмен ләззат алмайтын едіңдер. Аллаһтан қорқып тауға қашатын едіңдер»* деген. Хадисті риуаят еткен Әбу Зәр *«Әттең адам болғанша отын болғанымда ғой»* деп, өкінішін білдірген екен. Жауапкершілікті сезінген адамдардың бірі Хазіреті Әбу Бәкір (р.а.) құсқа былай тіл қатыпты: *«Әй, құс! Сен қандай бақыттысың. Ешқандай жауапкершілігің жоқ. Бұтақтан бұтаққа қонып, сайрап жүресің. Әттең мен де сен сияқты құс болғанымда ғой»*. Сөйтіп ол өз сезімін осылайша жеткізді. Ал шайтанның үрейін ұшыратын Хазіреті Омар (р.а.) өзен жағасындағы өсіп тұрған шөпке былайша дауыстайды: *«Әттең Омар болмай шөп болғанымда. Шөпті ешкілер жеген болар еді. Ал оны адамдар!»*. Міне, осы сөздердің барлығы мұсылмандарға жауапкершіліктің өте ауыр жүк екенін ашып көрсеткендей сезімге бөлейді. Осыншалықты ауыртпалығына бой алдырмай сынақтан дұрыс өту ақыреттегі жағдайды жақсартады. Ал жауапкершілікке салғырт қарап, бей-берекет өмір сүру екі дүниеде орны толмас өкінішке апарары сөзсіз.



Отыз тоғызшы хадис



### Теңдік емес, әділет

عَنْ أَبِي بَكْرٍ قَالَ: قَالَ رَسُولُ اللَّهِ ﷺ: «لَنْ يُفْلِحَ قَوْمٌ وَ لَوْ أَمَرَهُمْ امْرَأَةٌ»

#### Мағынасы:

Әбу Бәкірдің (р.а.) айтуынша Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.):

«*Бар жұмысты әйелге тапсырған халық ешқашан көңілдері жай таппайды (оңбайды)*» - деген (Бұхари, Мәғази 82; Фитән 18).

### **Хадиске түсініктеме:**

Әділеттілік қайда да болса дұрыс, ал озбырлық – жиіркенішті іс. Әділдік орнаған әрбір қоғам әрқашан бақытты әрі адамша өмір сүрудің ең тамаша үлгісін көрсете алады. Ал озбырлық билеген қоғам ешқашан бақытқа жетпек емес. Біз көбінесе әділдік пен озбырлықтың орнын ауыстырып жібереміз. Өзгенің мал-мүлкіне қол сұғып, қиянат жасағанымызды әділдік деп санаймыз. Негізінде әділет пен озбырлық екеуі екі басқа ұғым. Ислам ғалымдары әділетті: «*Бар нәрсені лайықты орнына қою*» десе, озбырлықты: «*Бір нәрсені лайықты орнына қоймау*» деп қысқа әрі нақты анықтамасын берген. Ислами қоғамда әйелдің ең маңызды әрі лайықты орны жанұясы. Оны жанұясынан алып өзге жерлерге қою арқылы оның құқығын бердік дей алмаймыз, керісінше оның құқығына қол сұққандық боламыз. Мәселен, біз жылқыға ет, итке шөп бермейтін болсақ олардың құқығына қол сұққандық болмаймыз. Өйткені, аттың тамағы шөп, ал иттің тамағы ет болып есептеледі. Аттың ән айтылуы да оған тағылған кінә емес. Ат, жүгіретін жер таппаса ондай жағдайда ол нағыз бейшара. Дәл осылай әйелдің де басшы болып ел басқармауы оның кемшілігі болып саналмайды. Керісінше әйелдің негізгі қызметі: болашақтың билері мен батырларын тәрбиелеу. Оларға осы міндеттерін орындатпау, оның мойнына қаңылтырдан медаль таққанмен бірдей. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) Иран императорының қызы (Боран) мемлекет басшысы болып сайланғандығын есіткенде жоғарыда келтірген хадисті айтып, бұдан былай олардың ілгері дамып өркендей алмайтынын алға тартқан. Басқа бір хадисінде: «*Егерде сендердің бастықтарың ең құрметті, бай әрі жомарт адам болса, сондай-ақ істеріңді келісім арқылы шешер болсаңдар мұндай жағдай сендер үшін жер беті, жердің астынан әлдеқайда артық болады. Ал бастықтары жаман, әрі сараң бай адам болса, сондай-ақ барлық*



істі әйел адам шешер болса, мұндай жағдайда сендер үшін жер бетінде жүргеннен, жердің астында болу әлдеқайда артық» деген. Ислам мемлекеттеріндегі әйел құқығы Еуропадағыдай болып келеді. Олардың тарихында сауда-саттықпен айналысып, ел басқарғандар әйелдер болған. Әйелдерді осындай істерге араластыру қаншалықты дәрежеде дұрыс. Олар мұндай істі ұната ма? Басты мәселе осында.

Әйел психологиясын ғылыми тұрғыдан зерттегенде ғалымдар мынадай тұжырымға келген: «Негізінде әйелдер басқарушы әрі саяси істерді ұнатпайды». Олай болса еркектің ісін әйелдердің істей алмауы қалыпты жайт. Ал әйелдердің кейбір істерін еркектің істей алмайтынын да мойындаған жөн.



### Қырқышы хадис

#### Құйеулерінің хал-жағдайын айтқан әйелдер

عَائِشَةُ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَنَّهَا قَالَتْ  
جَلَسَ إِحْدَى عَشْرَةَ إِمْرَأَةً فِتْعَاهَدْنَ وَ تَعَاقَدْنَ أَنَّ لَا يَكْتُمَنَّ مِنْ أَخْبَارِ أَزْوَاجِهِنَّ  
شَيْئًا.

قَالَتْ الْأُولَى: زَوْجِي لَحْمٌ جَمَلٌ، غَثٌّ، عَلَى رَأْسِ جَبَلٍ وَعَرِيٌّ، لَا سَهْلٌ فَيُرْتَقَى، وَلَا  
سَمِينٌ فَيُنْتَقَلُ.

قَالَتِ الثَّانِيَةُ: زَوْجِي لَا أَبْتُ خَيْرَهُ، إِنِّي أَخَافُ أَنْ لَا أَدْرَهُ، إِنْ أَذْكَرُهُ أَذْكَرُ عَجْرَهُ  
وَبِجْرَهُ.

قَالَتِ الثَّلَاثَةُ: زَوْجِي الْعَشَنُّ، إِنْ أَنْطَقَ أَطْلُقُ، وَإِنْ أَسْكُتَ أَعْلَقُ.  
قَالَتِ الرَّابِعَةُ: زَوْجِي كَلْبٌ تِهَامَةٌ، لَا حَرَّ وَلَا قُرَّ، وَلَا مَخَافَةَ وَلَا سَامَةَ.

قَالَتِ الْخَامِسَةُ: زَوْجِي إِنْ دَخَلَ فِهْدٌ، وَإِنْ خَرَجَ أَسَدٌ، وَلَا يَسْأَلُ عَمَّا عَهْدَ.  
قَالَتِ السَّادِسَةُ: زَوْجِي إِنْ أَكَلَ لَفًّا، وَإِنْ شَرِبَ إِشْتَفًّا، وَإِنْ اضْطَجَعَ إلتَفًّا وَلَا  
يُولُجُ الكَفَّ لِيَعْلَمَ البَثَّ.

قَالَتِ السَّابِعَةُ: زَوْجِي غَيَابَاءَ أَوْ عَيَابَاءَ، طَبَاقَاءَ، كُلُّ دَاءٍ لَهُ دَاءٌ، شَجَكِ أَوْ فَلَكَ، أَوْ  
جَمَعَ كَلَالِكَ.

قَالَتِ الثَّامِنَةُ: زَوْجِي الرِّيحُ رِيحُ زَرْبٍ، وَالْمَسُّ مَسُّ أَرْنَبٍ.  
قَالَتِ التَّاسِعَةُ: زَوْجِي رَفِيعُ العِمَادِ، طَوِيلُ النَّجَادِ، عَظِيمُ الرَّمَادِ، قَرِيبُ البَيْتِ مِنَ  
النَّادِي.

قَالَتِ العَاشِرَةُ: زَوْجِي مَالِكٌ، وَمَا مَالِكٌ؟ مَالِكٌ خَيْرٌ مِنْ ذَلِكَ، لَهُ ائِلٌ كَثِيرَاتُ  
المَبَارِكِ، قَلِيلَاتُ المَسَارِحِ، إِذَا سَمِعْنَ صَوْتَ المَزْهَرِ أَتَقَنَّ أَنَّهُنَّ هُوَالِكُ.

قَالَتِ الحَادِيَةَ عَشْرَةَ: زَوْجِي أَبُو زَرَعٍ، وَمَا أَبُو زَرَعٍ؟ أَنَاسٌ مِنْ حُلِيِّ أَذْنِي، وَمَلَأٌ مِنْ  
شَحْمِ عَضْدِي وَبَجَجْنِي فَبَجَحْتُ إِلَى نَفْسِي. وَجَدَنِي فِي أَهْلِ غُنَيْمَةِ يَشِقُّ، فَجَعَلَنِي  
فِي أَهْلِ صَهِيلٍ، وَأَطِيطٌ وَدَانِسٌ وَمُنَقٌّ فَعِنْدَهُ أَقُولُ فَلَا أَقْبِحُ، وَأَرْفُدُ فَاتَّصِحَّ، وَاشْرَبْ  
فَأَتَّقِحَّ.

أُمُّ أَبِي زَرَعٍ، فَمَا أُمُّ أَبِي زَرَعٍ؟ عُكُومُهَا رَدَاحٌ، وَبَيْتُهَا فَسَاحٌ. ابْنُ أَبِي زَرَعٍ، فَمَا ابْنُ  
أَبِي زَرَعٍ؟ مَضْجَعُهُ كَمَسَلِ شَطْبَةٍ، وَيُشْبِعُهُ ذِرَاعُ الحِجْفَرَةِ. بِنْتُ أَبِي زَرَعٍ، فَمَا بِنْتُ  
أَبِي زَرَعٍ؟ طَوْعُ أَبِيهَا، وَطَوْعُ أُمِّهَا، وَمِلْءُ كَسَائِهَا وَغَيْظُ جَارَتِهَا.

جَارِيَةُ أَبِي زَرَعٍ، فَمَا جَارِيَةُ أَبِي زَرَعٍ؟ لَا تَبُثُّ حَدِيثَنَا تَبْثِيثًا، وَلَا تُنْقِثُ مِيرَاتَنَا تَنْقِيشًا.  
وَلَا تَمَلَأُ بَيْتَنَا تَعْشِيشًا.

قَالَتْ: خَرَجَ أَبُو زَرَعٍ وَالْأَوطَابُ تَمَحَّضُ، فَلَقِي إِمْرَأَةً مَعَهَا وَلَدَانٌ لَهَا كَالْفَهْدَيْنِ،  
يَلْعَبَانِ مِنْ تَحْتِ حَصْرُهَا بِرُمَانَتَيْنِ، فَطَلَّقَنِي وَنَكَحَهَا، فَتَكَحْتُ بَعْدَهُ رَجُلًا سَرِيًّا،  
رَكِبَ شَرِيًّا. وَأَخَذَ خَطِيئًا. وَارَاحَ عَلَيَّ نَعْمًا ثَرِيًّا، وَأَعطَانِي مِنْ كُلِّ رَائِحَةٍ زَوْجًا.

وَقَالَ: كَلَىٰ أُمُّ زُرْعٍ، وَمِيرِي أَهْلِكَ. فَلَوْ جَمَعْتُ كُلَّ شَيْءٍ أَعْطَانِي مَا بَلَغَ أَصْغَرَ آتِيَةٍ أَبِي زُرْعٍ.

قَالَتْ عَائِشَةُ: قَالَ لِي رَسُولُ اللَّهِ (ﷺ): «كُنْتُ لَكَ كَأَبِي زُرْعٍ لِأُمِّ زُرْعٍ»

### Мағынасы:

Хазіреті Айша (р.а.) анамыз былай дейді: Он бір әйел өздерінің арасында отырып күйеулерінің хал-жағдайларын (сипаттарын) ешқандай жасырмай айтуға келісіпті:

Біріншісі: Менің күйеуім тау басындағы әлжуаз түйенің еті сияқты. Тау да түзу емес қой шығатындай! Ал түйе де семіз емес қой алып баратындай! депті.

Екіншісі: Күйеуім жайлы толық, айта алмаймын. Өйткені, бастар болсам аяқтай алмай қаламын ба деп қорқамын. Егер ол жайлы айтар болсам түк қалдырмай барлығын айтам депті.

Үшіншісі: Күйеуім ұзын бойлы. Ол жайлы айтсам ажырасып тынам, үндемейтін болсам баз баяғы қалпымда қалам, дейді.

Төртіншісі: Күйеуім түн сияқты. Не суық, емес, не ыстық, емес. Одан қорықпайсың да, жалықпайсың да, депті.

Бесіншісі: Егер күйеуім үйде болса момақан, ал түзде болса арыстандай. Сенген нәрсесін еш сұрамайды, депті.

Алтыншысы: Күйеуім жейтін болса асайды, ішетін болса сіміріп салады. Жатар болса созылып, көрпесін оранып алады. Менің жағдайымды түсіну үшін қолғабыс жасамайды.

Жетіншісі: Күйеуім өте жайбасар және маубас. Салақтығынан жұмысы жиылып жатады. Барлық, дерт соған ғана берілгендей. Тіпті жетпегендей қолына түскенмен басымды ұрып, денемді жаралайды.

Сегізіншісі: Күйеуімнің иісі керемет запырандай (хош иісті өсімдік), ал денесі қоян сияқты, депті.

Тоғызыншысы: Күйеуімнің үйінің тіреуі биік. Қылышының қыны ұзын. Ошағының күлі көп. Үйі мәжіліске жақын адам, депті.

Оныншысы: Күйеуім бай. Оның байлығы қалай? Оның көп шөгетін, аз бос жүретін түйелері бар. Аспаптың даусын есітсе, пәлекетке ұшырайтынын (бауыздалатындарын) біледі.

Он біріншісі: Менің күйеуім Әбу Зәр. Ол Әбу Зәр болғанда қандай! Ол көңілімді жай таптырады. Құлақтарымды сырғамен, қолдарымды да білезікпен толтырады. Ол мені тау жайылымында жүрген отардың басынан алып, ат пен түйенің шуылы мен дәнді дақылдың ортасындағы қырданды жанұяның арасына әкелді. Онымен әңгімелесетін едім, бірақ бейәдеп сөздер айтпас едім. Менің ұсынысымды кері қайтарған емес. Таңға дейін ұйықтаймын. Не кием, не ішем демеймін. Оның анасын айтсаңдаршы! Қоймалары үлкен әрі кең. Ал оның баласы өз алдына! Төсек орны тап-таза жібектей. Оны қозының асық жілігі тойдыратын еді. Қызы да қандай тамаша! Әке-шешесін мұқият тыңдайды. Қарасаң көзің тоймайды. Ал күні де дәл солай! Өсек-аяңға жуымайды. Жаманымызды жасырып, жақсымызды асырады. Үйді сүттей ұйытып отырады.

Омырауымызда сүт толып жатқанда Әбу Зәр шығып кетті. Сол кезде аш қасқырдай жалаңдаған екі баласы әйелге кезіге кетті. Ол екеуі анасының қолтығына қыстырған анармен ойнап келе жатты. Ол менімен дереу ажырасып сол әйелмен отау құрды. Мен де қарап қалмай жүрекпен сүйген адамыммен тұрмыс құрдым. Ол ер жүрек атты жауынгер. Қолына найза алып үйге көп түйе алып келеді. Маған әрбір малдан жұп-жұбымен берді. Әй, Умму Зәр әулетіне де бер деді. Бірақ оның маған бергендерін жинасам Әбу Зәрдің қаптарының кішкенесін де толтыра алмайды, депті.

Айша анамыз былай дейді: «Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) маған былай деді: *«Мен сен үшін Умму Зәрдің Әбу Зәрі сияқтымын»* (Бұхари, Нихах 82; Мұслим, Фадаилус-Сахаба 92).

### **Хадиске түсініктеме:**

Дәл осы әңгіме Ислам діні келмей тұрып, Мәдина қаласында болған деген әңгіме бар. Сондай-ақ, бұл әңгіме Йеменнің бір ау-

ылында кейбір деректерде Меккеде болған деген де нұсқалары кездеседі.

Бірінші әйелдің айтқысы келгені мынадай болатын:

Күйеуімнің кейбір әрекеттерін ұнатпаймын. Ол өзі жүрген бір тәкаппар. Мұнысымен қоймай жағымсыз мінезі де бар.

Екіншісі: күйеуім жайлы тілмен айтып жеткізе алмаймын. Ол жайлы айтып, ажырасып жатар жайым жоқ дегісі келген.

Үшіншісі: күйеуінің өте ұзын екенін айтқан. Оның кемшілігін айтар болсам онымен ажырасуыма тура келеді. Ал айтпасам бәз баяғы қалыпта қаламыз деген.

Төртіншісі: күйеуін мақтаған. Күйеуімнің түсінігі мол, өте нәзік, әдепті жан. Ол мені ешқашан ренжіткен емес. Екеуміз бір-бірімізді жақсы түсінеміз дегісі келген.

Бесіншісі: ол да төртінші әйел сияқты күйеуін мақтаған. Көп ұйықтайтын болғандықтан оның ұйқысын аңға ұқсатқан. Соғысқа қатысар болса арыстандай алысатынын айтқысы келген.

Алтыншысы: күйеуінің тойымсыз қомағай екенін айтып шағымданған. Қиындыққа қол сұқпайды деген сөзі арқылы өз бойындағы ауыруының қауіпті екенін біліп еш тиіспейді деп мақтаған. Алдымен жамандап артынан мақтаудың себебі ол әйел күйеуіне кемшілігінді айтпаймын деп ант берген екен.

Жетіншісі: күйеуінің қолынан ештеңе келмейтіндігін айтқысы келген. Сондықтан үйдегі барлық іс менің мойнымда.

Сегізіншісі: күйеуінің халықтың арасында жарасымды киім киіп, хош иіс сеуіп жүретіндігін әрі әдепті екендігін айтқысы келген.

Тоғызыншысы: күйеуінің өз құрбылары арасында беделді, ұзын бойлы екенін сонымен қатар қонақжай адам екенін айтып мақтанған.

Оныншысы: күйеуінің үйінде түйе асырайтындығын айтқан. Қонақтар келер болса, оларға түйенің еті мен сүтін тарту етіп көңілдерін аулап ризалығын алады деген.

Он біріншісі: ол әйелдің әңгімесіне қарағанда тау басындағы шопанның қызы екендігі байқалады. Кейіннен ол аты мен түйесі бар Әбу Зәрға тұрмысқа шығып, айтқаны екі етілмей орындалатын болған. Не ішем, не кием демей өмір сүрген. Уақыт өте Әбу Зәр онымен ажырасқан. Сонымен ол әйел басқа бір кісімен тұрмыс құрған. Бірінші күйеуін ұмыта алмаған Умму Зәрдің көзін екінші күйеуінің сыйы еш тойдыра алмапты.

Он бір әйелдің оқиғасынан кейін Хазіреті Пайғамбардың Айша анамызға: «Мен сен үшін Умму Зәрдың Әбу Зәрі сияқтымын» деп айтып, оның көңілін аулап, екеуінің арасының тату-тәтті екендігін білдірген. Хазіреті Пайғамбардың осы сөзіне Айша анамыз: «Ата-анам сен үшін құрбан болсын! Сен мен үшін Әбу Зәрден де артықсың» деген.

Бұл хадистен мынадай нәтижелер шығаруға болады:

1. Танымайтын әйелдің ерекшеліктерін айтуға болады. Танитын әйелдің әдемілігін айтуға болмайды.
2. Ер кісі әйелінің дандайсып кетпейтіндігіне сенімді болса, оны жақсы көретіндігін бетіне айтуға болады.
3. Исламға кереғар болмаса, мәртебелі кісілерден үлгі-өнеге алуға болады.

Әйел адам күйеуінің жақсылығына рақмет айтуы керек. Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.): *«Күйеуінің жасаған жақсылығына рақмет айтпаған әйелге Аллаһ Тағала мейіріммен қарамайды»* деген.



# ЕКІНШІ БӨЛІМ

*Әйел әдебі*



## МҰСЫЛМАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДІҢ ОРНЫ

Араб халқы Исламнан бұрын әйел затын қорлап, кемсітіп надандықпен қарайтын. Қыз баланың дүниеге келуін сұмдық санайтын. Тіпті оларды тірідей жерге көміп тастаудан еш тайынбайтын. Әйел адамды әке-шешесінен қалған мирастан мақрұм етіп, оларға өз үлестерін бермейтін. Бұлармен қоса оларға басқа да неше түрлі зұлымдықтар жасайтын. Мұндай бейберекетсіздік тек арабтарға ғана тән емес-ті. Олардан басқа халықтардың да көпшілігі әйел затына осындай, не осыған ұқсас қиянат көрсететін.

Ал, Ислам діні әйел затының құқығын өзіне қайтарды. Оны сан жылдар бойғы зұлымдық шырмауынан біржолата арылты. Оның беделін көтеріп, отбасындағы және қоғамдағы орнын айқындады. Абыройын қорғайтын құқықтар мен міндеттерді жүктеді. Атқаратын қызметі мен ар-намысын қорғаудың өзіндік жолын көрсетті.

### Әйелдің құқықтары

1. Ислам әуелі адамгершіліктің туын көтере отырып, ер мен әйел арасындағы теңдікті жариялады. Шын мәнінде, әйел еркектің бір бөлігі болып саналды. Құранда: **«Әй, адамдар! Сендерді бір кісіден (Адам атадан) жаратқан және одан оның жұбайын (Хауа ана) жаратып, ол екеуінен көптеген еркектер мен әйелдерді таратқан Раббыларыңнан қорқыңдар!»**, - дейді Аллаһ Тағала (Ниса сүресі 1-аят).

Аллаһ Тағала жақсы істер үшін сауапты тек ер кісілерге ғана емес, әйелдерге де жазады. Бұл жайында Құранда 204 жерде келген. **«Ер немесе әйелден кім сенген бойда түзу іс істесе, әлбетте оны жақсы тіршілікте жасатамыз. Әрі оларға істеген істерінен де жақсырақ сыйлық береміз»** (Нахыл сүресі 97-аят).

2. Ислам қыз баланы тірідей көму үрдісінің тамырына балта шауып, оған қатаң түрде тыйым салды. Тек өз ризашылығымен ғана әрі өз таңдауымен ғана тұрмыс құру құқығын сыйлады. Әйелдің сөзі мен тұрмыс құруға деген көзқарасы ескерілетіндей



дәрежеге ие болды. Қыз баланың арлы да ардақты болып өсіп-жетілуі үшін Ислам оның тәлімі мен тәрбиесіне аса көңіл бөлді. Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Екі қызы бар адам, қыздарына көркем әдеп үйретіп, ең жақсы құлықпен тәрбиелеп, жақсылық істейтін болса, олар (қыздары) оны оттан қорғайтын перде болады»*, - дейді (Бұхари, Мұслим). Күйеуге шыққан болса, күйеуіне әйелімен жақсы қарым-қатынаста болу міндеттелді. Міне, бұл – Исламның әйел затына деген құрметі. Құранда: **«Олармен жақсы қатынаста болыңдар»**, - деп бұйырылған (Ниса сүресі 19-аят). Егер әйел, ана дәрежесіне жетсе, Ислам жәннатты оның аяғының астында деп түсіндіреді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) *«Жәннат – аналарыңның аяқтарының астында»*, - дейді. Яғни Ислам діні әйелдің барша қажеттіліктерін түгелдей қамтамасыз етеді, ал оған қамқор болуды күйеуіне жүктеген. Сондықтан күйеуі әйелінің материалдық һәм рухани қажеттіліктеріне шарифаттың шеңберіне сай деңгейде көңіл бөлуі қажет. Ислам әйелге қалыңдық сыйын (мәһір) иемдену құқығын, мұрагерліктен өз үлесін алу құқығын, саудасаттықпен айналысу құқығын, келісімшарттарға отыру құқығын, меншік иесі болу құқығын берді. Ал күйеуі әйелінің қамқоршысы болғандықтан, оның білімінің, ақыл-ойының, құлшылығының, жүріс-тұрысының, туған-туыстарымен қатынасының, мінез-құлығының, көрші әйелдермен араласуының Ислам тәлімдеріне сай болуын қадағалауға толық құқылы.

### Әйелдің міндеттері

1. Әйел адам шарифат алдындағы міндеттерін өтеуі қажет.
2. Күйеуіне бағынуға міндетті. Пайғамбарымыз (с.а.у.) *«Егер маған бір адамның екінші бір адамға сәжде етуін бұйыруыма рұқсат берілген болса, сөзсіз әйелдің күйеуіне сәжде етуін бұйырар едім»*, - деген (Тирмизи).
3. Әйел адам үй-іші мен оның аясында өсіп жатқан балаларының дұрыс тәрбиесі үшін жауапты. Пайғамбарымыз (с.а.у.) *«... әйел – күйеуінің үйі мен баласына қамқоршы...»*, - деп ескерткен.

### Әйелдің өзіне ғана тән қызметі

Аллаһ Тағала әйелді жұбай әрі ана болатындай табиғатпен жаратты. Оның бойына сағыныш пен мейірім сезімдерін ұялатты. Оған бала тәрбиелеу қабілетін сыйлады. Әйелдің негізгі қызметі – күйеуі үшін оның көзінің қарашығындай асыл жұбай болу, ал балаларына мейірімді ана болып, оларға жақсы тәлім-тәрбие беру. Негізінде, бала тәрбиесі көшеде немесе балабақшаларда емес, тәрбие отбасы, ошақ қасында жүзеге асуы тиіс. Бұл маңызды қызметке ана өз бойындағының бәрін жұмсама са болмайды. Ислам діні бұл үшін әйелге бүкіл мүмкіндікті берді. Күнделікті тіршілікке қажетті қаржы табуды оның мойнынан алып, түгелімен күйеуіне жүктеді. Сондықтан аса қажетті жағдай болмаса, әйел адамның үйден тыс жерде еңбек етіп, өзі мен балалары үшін қаржы табу жолында шаршап-шалдығуға міндетті емес. Ислам оны бұл міндеттен толығымен босатқан. Сонымен бірге Ислам әйелді өзінің негізгі қызметіне берілуі үшін ер адамға жүктеген міндеттердің көбісінен босатты. Ислам әйел затын үйдің аясына ғана тән болуын қалады. Үйден тек негізгі қызметіне байланысты қажеттіліктер үшін ғана шығуына рұқсат етті. Бұл кейбір білместердің ойлағанындай әйелді кемсіту емес. Керісінше, оның ар-намысы мен абыройын сақтау үшін қажет. Әйел – үйіне тіршілік беретін рух болып саналады. Күйеуі жұмысынан үйіне кірген кезде жаны жай табады. Ол балаларына әкелерін шығарып саларда және қарсы аларда айтатын көркем сөздерді үйретеді. Үй шаруасымен және бала тәрбиесімен шұғылданады. Аллаһ Тағала Құранда: **«Үйлерінде отырыңдар. Исламнан бұрынғы қылықтарыңдай сәнденіп, дене көріктеріңді көрмеге шығарушы болмаңдар»**, - деп шегелейді (Ахзаб сүресі 33-аят).

Қазіргі кездегі Ислами емес, батыстық әдет-ғұрыптарды ұстанып отырған қоғамдарда әйелдердің дене көріктерін көзге көрсетіп жүрулері әйелге құмар еркектердің зинақорлыққа ұрынуына әбден ықпал етуде. Мұсылман әйел бөтен еркектердің

көзіне денесінің көркін көрсетпейді. Ар-намысы мен абыройын сақтайды. Осылайша, қоғамдағы әйел құмарлық дертінің жойылуына өз үлесін қосады. Санасы әйел тәнінің көркімен уланған еркектер немесе ашық-шашық жүргенді өзіне әдемі деп санаған әйелдер мұсылман әйелдерін артта қалған деп санайды. Бірақ, оның жүрегі иман нұрымен толып, Аллаһтан келген жолдауға мойынсұнып, өзінің ар-намысы мен абыройын қорғап жүргендігінен бейхабар.

### Әйел этикасы

Қоғамның жамандықтардан таза, қауіпсіз болуы үшін әйел этикасы аса маңызды рөл атқарады. Ол шайтанның құрған тұзағынан әлдеқайда алыс. Әрі еркектердің әйелқұмарлық дерттерінен айығуы үшін Ислам әйелге тән этика нормаларын белгілеген. Олар:

1. Әйелдің үстіне киген киімі шаригаттың белгілеген талаптарына сай болуы керек. Яғни, киімінде азғыру, өзгені арбау, нышанының ықпалы болмау қажет. Ол денесінің көркін күйеуінен басқаға жасыруы тиіс. Денесін жұртшылық назарына ұсынбайды. Ахзаб сүресінің 59-аятында Аллаһ Тағала былай деп бұйырады: **«Әй, Пайғамбар! Жұбайларыңа, қыздарыңа және мүмін әйелдерге айт: «Үстеріне бүркеншіктерін орансын. Бұл олардың танылуларына, сондай-ақ кемсітілмеулеріне жақынырақ. Аллаһ Тағала аса жарылқаушы, тым мейірімді».** Яғни, жабық жүру әйелдерге парыз екендігі айтылуда.

2. Еркектерді еліктіретіндей ашық-шашық жалаңаштанып жүруіне болмайды. Сондай-ақ, сөзінде де арбау мен қылымсу болмауы тиіс. Аллаһ Тағала Құранда Пайғамбар әйелдеріне: **«Әй, пайғамбардың әйелдері! Тақуалық қылсаңдар, сендер басқа әйелдер сияқты емессіңдер. Сөздерінде қылымсу болмасын, әйтпесе жүрегінде құмарлық дерті бар кісі зауықтанып қалады. Сондықтан қажетті сөзді ғана айтыңдар»**, - деп қатаң ескерткен (Ахзаб сүресі 32-аят).

3. Әйелдің бөтен еркекпен, тіпті болашақ күйеуімен де не-

кесі қиылғанша оңаша қалуына болмайды. Алдап-арбауға ұрынып қалмауы үшін еркектермен араласуына болмайды. Қысылтаяң уақытта қасында қамқоршы ер адам болмай қалған аса қажеттілік жағдайларда ғана рұқсат етіледі. Мысалы, дәрігерлік қызметте болса, мұғалима болса, келісімшартқа отыру кезінде. Мұндай рұқсат берілгеннің өзінде де шарифат қойған әдептілік аясында іске асуы қажет.

## ӘУРЕТ

Әурет араб тілінен енген сөз. Мағынасы «ұятты жер» дегенді білдіреді. Шарифаттағы мағынасы: «Адамның тәніндегі басқаларға көрсетпей жауып жүруі тиіс болған жерлер». Аллаһ Тағала мұсылман ер мен әйелге өздеріне тән әурет жерлерін білдіріп, оларды бөгде адамдардың көз алдында көрсетуге тыйым салған. Сондай-ақ, Құранда **«Ей, адам баласы! Сендерге ұятты жерлеріңді жабатын және сәнді киімдер түсірдік»** делінген (Аграф сүресі 26-аят).

Әйелдердің әурет жерлері тұрмыс құруға болатын және болмайтын еркектер мен өзге әйелдер тұрғысынан үш түрлі болады.

**1. Бет, саусақ, алақанының іші-сырты, білезік және аяқтарының тобықтан төменгі бөлігінен басқа бүткіл денесі тұрмыс құруына болатын ер адамдар үшін әурет болып есептеледі.** Сондықтан мұсылман әйелге аталмыш ағзаларынан тыс жерлерін бөгде ерлерге көрсетуі харам етілген. Бұл турасында Құран Кәрімде мынадай аят бар: **«Ей, Мұхаммед! Мүмін әйелдерге айт (бөгде ерлерден) көздерін сақтасын! Әрі ұятты жерлерін (зинадан) қорғасын. Ішкі көріктерін (сырға, алқа т.с.с. тағылатын жерлерін) көрсетпесін. Бірақ өздігінен көрінгендері басқа (беті, қолы). Сондай-ақ (шаштары мен мойындарын және омырауларын жабатындай етіп) бүркеншіктерін (яғни орамалдарын) омырауларына түсірсін! Көріктерін (шаштары мен мойнын) көрсетпесін. Тек күйеулерінен, әкелерінен, күйеулерінің әкелерінен, ұлдарынан, күйеулерінің (өзге**

әйелден туған) ұлдарынан, туған бауырларынан, аға-інілерінің ұлдарынан, әпке-сіңлілерінің ұлдарынан, (діндес) әйелдерден, қол астындағы қызметші күндерден, әйелдерге әуесі жоқ қызметші еркектер мен әйелдердің әурет жерлерінің әлі не екенін білмейтін балалардан (осы айтылғандар тыс) басқалардың алдында ашық-шашық жүрмесін!» (Нұр сүресі 31-аят).

2. Кіндіктен тізеге дейін, қарын мен арқа және көкірек тұсы әйелдің үйленуге болмайтын туыстары үшін де әурет жер болып саналады. Дінімізде әйелдің тұрмысқа шығуына болмайтын еркектерге «махрам» делінеді. Әйел кісі махрамының алдында бүткіл денесін жауып жүруі шарт емес. Алайда, шарият бойынша, қарнын, көкірегін, арқасын, кіндік пен тізелерінің арасын күйеуінен басқаларға (тіпті әкесі, ұлы, аға-інісі болса да) көрсетуіне тыйым салынған.

Әйелдің махрамдарын мынадай үш топта қарастыруға болады:

1) Қандық туыстары. Олар:

- а. Әкесі,
- ә. Атасы,
- б. Туған аға-інілері,
- в. Әкесінің аға-інілері,
- г. Анасының аға-інілері,
- ғ. Аға-інілерінің ұлдары,
- д. Әпке-сіңлілерінің ұлдары,
- е. Өзінің ұлдары,
- ж. Немере ұлдары.

2) Сүт туыстары:

Қандай да бір себеппен өзге әйелдің сүтін емген қыз бала сол әйелдің туған қызы дәрежесінде болып есептеледі. Сондай-ақ, ол әйел де қыздың сүт анасы болып саналады. Сондықтан, сүт анасының еркек жақындары оған қан туысқандары сияқты махрам болады.

Олар:

- а. Сүт анасының күйеуі,
- ә. Сүт анасының ұлдары,
- б. Сүт анасының аға-інілері,
- в. Сүт бауырлары, яғни сүт анасы емізген бөтен кісілердің ұлдары.

3) Күйеуі жағынан болған туыстары:

- а. Күйеуінің әкесі,
- ә. Күйеуінің атасы,
- б. Күйеуінің өзге әйелінен болған ұлдары.

**3.** Кіндік пен тізе арасы өзге әйелдер үшін әурет болып табылады. Сондықтан, бұл жерлерді өзге әйелдерге көрсетуге болмайды. Сондай-ақ, дәл осы жерлер еркек пен еркек арасында да әурет болып есептеледі.

### **Намазда әурет жерлерді жабу**

Намаз оқығанда әйел кісінің беті мен қолдары және тобықтың төменгі жағынан басқа жерлері жабық болу керек. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) бір хадисінде балиғат жасына жеткен әйелдің басын ашып намаз оқуына болмайтындығы айтылған. Сондай-ақ, «сәтрул-әурат» яғни әурет жерлерді жабу, намаздың ішкі парыздарының бірі болып табылады. Ал, парыздардың бірі орындалмаса оқылған намаз дұрыс болмайды.

### **ХИДЖАБ КИЮ**

Аллаһ Тағала әрбір жаратылысқа өзіне тән ерекшеліктерді тарту еткен. Әйел адамның қоғамдағы және отбасындағы орны, сондай-ақ болмысы, тәні ер адамдарға қарағанда мүлде өзгеше. Әйел адам осы ерекшеліктерін қорғай білген кезде ғана қоғамдағы биік мәртебесін сақтай алады. Әйел адам өзінің аналық мейірімімен, күйеуіне деген ізеттілігімен қымбат. Ол осы қасиеттерімен әрдайым жоғары тұрады. Осы тұрғыдан алғанда, орамал тағу, етек-жеңі ұзын киім кию, яғни хиджаб кию – әйел адамның нәзік болмысы мен әдемілігін бөтен

адамдардың арам пиғылынан, сұқ көзінен сақтайтын бірден-бір қорған. Әрі ол әйел затын мейірімділік, нәзіктік, ар-ұяттылық сияқты тағы басқа әйелге тән асыл қасиеттерімен танытатын нышан. Ең алдымен, әйелдердің басын жауып, ұзын киім киюі – Құранның тікелей бұйрығы. Әйел болсын, мейлі ер болсын «мен мұсылманмын» дейтін жан үшін Аллаһтың әмірін аттап өтуі әсте дұрыс емес. Аллаһтың әмірлерінде адам баласы үшін тұнған хикметтер мен пайдалар бар. Бірақ, біз олардың парқына бара бермейміз.

Жартылай жалаңаш киінген әйелдер еркектерді еліктіріп, нәпсіқұмарлығын қоздырады. Бұл жағдай бүгінде көптеген шаңырақтың шайқалуына, көпшілік бойжеткендердің абыройдан айырылуына себеп болуда. Көзі жәутендеген мыңдаған пәк сәбилер тастанды болып, балалар үйіне тоғытылса, жылына саналы түрде қаншама жасанды түсік жасалуда. Тіпті, қазіргі таңда белең алып отырған проблемалардың бірі – еркектердегі белсіздіктің бір ұшы да соған тіреледі.

Әйел өзінің орамалымен көрікті. Қазақтың «Есті қыз етегін қымтап ұстайды» деуі де бекер емес. «Queens әйелдер бюросы» жетекшісінің мәлімдемесі бойынша, Канадада әрбір 6 минут сайын бір зорлау оқиғасы тіркеліп, әрбір үш әйелдің біреуі әйтеуір өмірінің бір кезеңінде зорлау оқиғасына тап болады екен. Тағы бір ірі мемлекетте 1998 жылы 49 280 зорлау оқиғасы ресми тіркелген көрінеді. Міне, сондықтан ислам әйел адамға ашық-шашық киінбеуді оны төмен санағандықтан емес, қайта оны қорғап, абырой-беделін көтеру мақсатында бұйырған. Күнделікті өмірде біз құнды, асыл заттарды қоғамдағы бұзық ниеттілердің арам пиғылынан қорғаудың сан түрлі жолын іздейміз. Ендеше, әйел заты да құндылардың құндысы, асылдардың асылы, нәзіктердің нәзігі. Олай болса, оның да бөгделердің алдында ашық-шашық жүргені құптарлық іс емес.

**Өзге діндерде хиджаб кию үрдісі**

Иудаизмде:

Киім киюдiң мұндай үлгiсi ислам дiнi әкелген жаңалық емес. Керекдесеңiз, бұл еврей мен христиан дiнiнде де, корей, жапон секiлдi көне мәдениеттерде де бар. Мысалы, еврей хахамы Манахем М.Брейер («Йешива» университетiнде киелi кiтап әдебиетiнiң профессоры) еврейлiк дiн құқығы бойынша әйелдерiнiң орамал тағуға тиiстi екенiн айта келе, кейбiр танымал раввиндерiнiң мынандай сөздерiн келтiрген: «Еврей қыздарына орамалсыз сыртқа шығу жараспайды», «Әйелдерiнiң орамалсыз жүруiне рұқсат еткен еркектердi қарғыс атсын!», «Еркектерге ұнау үшiн басын ашып жүрген әйелдер жоқшылық әкеледi». Әйелдiң орамалсыз, жалаңбас жүруi жалаңаш жүрумен тең саналғандықтан, иудаизм орамалсыз жүрген әйелдiң жанында дұға сияқты ғибадаттарды жасауға тыйым салады. Еврей дiнi бойынша, орамал тағу – әйелдiң абыройы мен беделiн, әлеуметтiк жағдайын бiлдiредi. Сондықтан төменгi таптағы әйелдер жоғары таптағы әйелдердiң қатарында көрiну үшiн орамал тағуға тырысатын. Орамал тағу тектiлiктiң нышаны саналғандықтан, байырғы Израильде зинақор әйелдердiң орамал тағуына рұқсат берiлмейтiн. Сондықтан зинақор әйелдер өздерiн абыройлылардың санатында көрсету үшiн арнайы орамал түрiн тағатын. Еуропадағы еврей әйелдерi сол жердiң тұрақты мәдениетiмен араласа бастаған XIX ғасырға дейiн орамал тағып келген. XIX ғасырда Еуропа қоғамы басты ашып жүруге мәжбүр еткендiктен, кейбiр еврей әйелдерi орамалдың орнына парик киiп жүрудi шығарды. Ал бүгiнде еврей әйелдерi синагогада ғана орамал тағады. Еврей дiнiнiң «Hassidism» жолын ұстанушылар орамалға балама ретiнде әлi күнге дейiн парик киюде.

Християн дiнiнде:

Католик шiркеуiндегi монах әйелдердiң 1000 жылдан берi орамал тағатындығы белгiлi. Тертуллиян атты христиан ғалымы бойжеткендердiң шашын бүркемелеуге, жабуға байланысты баяндамасында былай дейдi: «Бойжеткендер көшеде жүргенде бастарыңа орамал тағыңдар, шiркеуде, бөгде адамдардың жанын-



да және өз ер, бауырларыңыздың жанында бастарыңды ашық ұстамаңдар...». Бүгінгі католик шіркеуінің ата заңдарында шіркеуде әйелдерді бастарына орамал тағуға міндеттейтін арнайы баптар бар. Амиш және Меннонилер сияқты кейбір христиан ағымдары әлі күнге дейін әйелдердің орамал тағуын талап етуде. Алысқа бармай-ақ, орыс халқының ұлттық киіміне назар аударсақ, олар да орамал тағып, ұзын киім киген. Демек, орамал тағу Ислам діні әкелген жаңалық емес.

### **Хиджаб киюдің медициналық тұрғыдан пайдасы**

Негізі орамал тағудың физиологиялық та пайдалары шаш етектен. С.Асфендияров атындағы Мемлекеттік медицина университетінің емдік гигиена кафедрасының меңгерушісі, мед.ғ.док., профессор Қарлығаш Тоғызбаева бұл жайлы былай дейді: «Ер адамдар көбіне жерден, әйелдер көктен қуат алады». Сондықтан да болар, әйелдің шашы магнит тәрізді ауадағы кір-лас қуатты жинағыш келеді. Бұл оның әсіресе бас ауруына ұшырауына әсер етеді. Осы жолдың авторының өз тәжірибесінде кездескендей, орамал тартқаннан кейін «басының сақинасы» сияқты тағы басқа дертінен жазылып кететіндер аз емес. Бұған қоса, ашық-шашық жүрген әйел көктен өзіне қажет емес артық қуат алады, сөйтіп, онда еркектерге тән гистостерон гормоны пайда болады. Нәтижесінде ағзаның гормоналды бұзылуы етек алып, жыныс органдарындағы қатерлі ісік, т.б. ауруларға жол ашады.

### **Хиджаб киюдің басқа да хикметтері**

Хиджаб – ар тазалығының белгісі. Бұл туралы Аллаһ Құранда былай дейді: **«Әй, Пайғамбар! Жұбайларыңа, қыздарыңа және мүмін әйелдерге айт: Үстеріне бүркеніштерін орансын. Бұл – олардың танылуларына, сондай-ақ кемсітілмеулеріне жақынырақ»** (Ахзаб сүресі 59-аят). Осы аяттағы «танылуларына» деген сөзді Ислам ғалымдары былайша түсіндіреді. Бұл жерде орамалды әйелдердің игі әрі таза күйінде танылуы айтылып тұр. Яғни, ерлердің көз тастауы мен тисулерін әдепсіз деп санайтын

және өздері жайлы «оңай қолға түсетін жеңілтек әйелдер» - деген ой туғызбас үшін осындай таза жолды таңдайтын әйелдер жайлы сөз қозғалуда.

Хиджаб – тақуалықтың белгісі. Тақуалық дегеніміз – шынайы Аллаһтан қорқу. Құранда мынандай аят бар: **«Әй, адам баласы! Ұятты жерлеріңді жабу үшін киім және сәндік бұйым түсірдік. Негізінде, тақуалық киімі жақсы»** (Аграф сүресі 26-аят).

Хиджаб – иманның белгісі. Аллаһ Құранда жамылғы жайында тек иман келтірген әйелдерге ғана сөйлейді: **«Иман келтірген әйелдерге айт...»** (Нұр сүресі 31-аят). **«...Және иман келтіргендердің әйелдеріне...»** (Ахзаб сүресі 59-аят).

Хиджаб – ұяттың белгісі. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мынандай хадистері бар: *«Әрбір діннің мінезі бар. Исламның мінезі, ол – ұят»*. *«Ұят пен иман бір-біріне өте тығыз байланысты. Егер біреуін алып тастаса, екіншісі өзі кетіп қалады»*. Сондай-ақ хиджаб:

1. Зинаға тосқауыл болу үшін;
2. Ұрпақты және шаңырақты шайқалтпай сақтау үшін;
3. Әйелдердің қадірін арттырып, тұлғалық қасиетін қалыптастыру үшін де киіледі.

### **Исламдағы әйел киімінің үлгісі**

Ислам діні әйел киімінің шеңберін сызып берген. Аллаһ Тағала Құранда: **«Мүмін әйелдерге айт! Ұятты жерлерін (зинадан) қорғасын. Көріктерін (сырға, алқа т.с.с. тағылатын жерлерін) көрсетпесін. Бірақ өздігінен көрінгендері басқа (беті, қол-аяқтары). Сондай-ақ (шаштары мен мойындарын және омырауларын жабатындай етіп) бүркеншіктерін (яғни орамалдарын) омырауларына түсірсін! Көріктерін (шаштары мен мойнын) көрсетпесін! Тәндерінің сұлулықтары білінсін деп аяқтарын жерге ұрып жүрмесін»** (Нұр сүресі 31-аят), деп бұйырған. Сонымен қатар, пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) хадисінде қыз баласы балиғат шағына жеткенде бет-жүзі мен қолдарынан (білезіктен саусақтарына дейінгі) басқа жерлерін

көрсетіп жүруіне болмайтындығын айтқан. Яғни, әйел баласы өзінің дене бітімін қатты кескіндемейтіндей кеңдікте, беті, екі қолы, тобықтың төменгі жағынан тыс басқа барлық жерлерін жабатындай кез-келген киім үлгісін таңдап кесе болғаны. Бұл шарттар орындалғаннан кейін, сәнді әрі өзіне жарасымды, жалпы, эстетикаға сай киім киюге ислам діні қарсы емес. Сауд Арабиясы мен Ирандағы әйелдер сияқты қара киіп жүру үрдісі барша мұсылмандарға тән киім үлгісі емес. Ондай киім үлгісі олардың өз әдет-ғұрыптары мен қоғамына қарай таңдалған. Сондықтан Құран аясынан шықпау шартымен әр қоғам киім үлгісін өзінің менталитеті мен әдет-ғұрыптарына, заманына қарай әрі өмір сүрген жерінің климатына ыңғайлы етіп таңдай алады. Мысалы, қазақ жерінің әр өңіріне тән әйел кимешегі болған. Тіпті, әйелдердің жас ерекшеліктеріне қарай кимешек үлгілері тігілген. Ата-бабаларымыз «ғұрпымызда орамал тағу жоқ» деп Құран қағидасына қарсы шықпаған. Керісінше, оны әдет-ғұрыппен сабақтастырып, ою-өрнегімен көркемдеп, өзінің төл киім үлгісіне айналдыра білген. Бүгінгі таңда да Құран өлшемдеріне қарай әрі заман талабы мен ұлттық түсінігімізге сай әр түрлі киім үлгілерін тігуге неге болмасқа? Осылай істер болсақ, орамал тағып, ұзын киім кию «ананың-мынаның ұлттық киімі» деген таяз түсініктерден арылар едік. Кейде әркімнің алып-қашты негізсіз сөздеріне еріп, ұлттық ерекшеліктер мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрді Аллаһтың әмірімен шатастырып жүргендерге куә боласың. Мүмкін білместік дерсің, әйтсе де нәпсінің құрығынан шыға алмай, шындықты бүркемелейтіндер де баршылық. Мәселен, кейбіреулер орамал біздің ата-бабамызда болмаған, ол араб-түріктерден келген үрдіс деп бұлданады. Шындығында, бұл сөздің ақиқатпен ешқандай қатысы жоқ.

Әйел киімінің исламға сай болуы үшін мынадай критерилер сақталу қажет, тізбектеп айтар болсақ:

1. Киім әйелдің беті мен саусақтарынан басқа жерін жауып тұру керек. Айталық мойын, омырау, иық, сырға тағылған құлақ, кісі көзінен таса болуы қажет.

2. Еркектер сұқтанатындай тым әдемі киім киюге болмайды. Яғни, ашық түсті киім киіп, әшекейлер тағынуға, сондай-ақ, алтын-күміс жіптермен өрнектелген жылтыраған маталардан тігілген киім киюге тыйым салынған. Бұл айтылғандарды махрамға жататын туысқандарының алдында, үйде (бөтен кісілердің көзіне түспейтін жерде) киюге болады.

3. Киім адам денесін көрсетпейтіндей тығыз матадан тігілген болу керек, денені көрсетіп тұратындай үлбіреген жұқа маталар болмайды.

4. Киім әйелдің дене бітімін байқатпайтындай кең болуы қажет: тырысып, жабысып, әр мүшесін көрсететін киім киюге рұқсат етілмейді.

5. Киімге мүңкітіп әтір себу де дұрыс емес.

6. Әйелдердің киімі еркектердің киім үлгісінен бөлек болуы керек. Яғни әйел киімі еркектердің киіміне ұқсамау керек.

7. Киім сізді өзгелерден оқшау етіп керсетпегені абзал. Ашық та анық матадан «көзге ұратындай» ерекше сәнмен тігілмегені жөн. Өйткені, ондай киімдер сізге еріксіз назар аудартады. Киім таңдау, әрине әр әйелдің көзқарасы мен тұрмыс-тіршілігіне байланысты екені белгілі.

8. Мұсылман әйелдерінің киімі Исламға иланбаған әйелдердің киімімен ұқсас болмауы керек. Өзге діндердің жасанды діни киімдерін киюге мүлде болмайды.

9. Киім әйелдің «байлығы мен даңқын» паш ететіндей болмауы қажет, яғни, қымбат тастар мен алтын немесе күміс сияқты жіптермен безендіріліп, зерленбеуі керек.

# Мазмұны

## БІРІНШІ БӨЛІМ

<b>Бірінші хадис</b>	
Әйел кісілердің ең қайырлысы.....	6
<b>Екінші хадис</b>	
Тақуалықтан кейінгі ең жоғарғы дәреже .....	7
<b>Үшінші хадис</b>	
Әйел кісіні жұмаққа кіргізетін амалдар .....	8
<b>Төртінші хадис</b>	
Салиқалы әйел – дүние өткіншілерінің ең қайырлы .....	10
<b>Бесінші хадис</b>	
Кристалл.....	11
<b>Алтыншы хадис</b>	
Бала тәрбиесіндегі басты негіздер.....	13
<b>Жетінші хадис</b>	
Үш топ әйелдер .....	15
<b>Сегізінші хадис</b>	
Жұмақтық әйел.....	17
<b>Тоғызыншы хадис</b>	
Үйленетін қалыңдықтың бойында болуы тиіс сипаттар .....	20
<b>Оныншы хадис</b>	
Сүйкімді үш нәрсе.....	21
<b>Он бірінші хадис</b>	
Хазіреті Пайғамбарға (с.а.у.) ең жақын адам.....	23
<b>Он екінші хадис</b>	
Зүһд нағыз ұяттың белгісі .....	26
<b>Он үшінші хадис</b>	
Бес үгіт .....	29
<b>Он төртінші хадис</b>	
Аллаһ Тағаладан ұзақ болатын кісі.....	32
<b>Он бесінші хадис</b>	
Қасірет-қайғыға душар болғанда айтылатын сөз .....	34

<b>Он алтыншы хадис</b>	
Күйеуінің разылығына бөленген әйел.....	36
<b>Он жетінші хадис</b>	
Әйелдердің жиһады.....	37
<b>Он сегізінші хадис</b>	
Қайырлы істерге немқұрайлы қарамау керек.....	38
<b>Он тоғызыншы хадис</b>	
Аллаһтың жәрдеміне жеткізетін іс-әрекеттер.....	40
<b>Жиырманшы хадис</b>	
Жомарттық - мұминнің сипаты.....	42
<b>Жиырма бірінші хадис</b>	
Мейірімсіздіктің шегі.....	44
<b>Жиырма екінші хадис</b>	
Тозақтық екі топ кісі .....	45
<b>Жиырма үшінші хадис</b>	
Жасанды шаш .....	46
<b>Жиырма төртінші хадис</b>	
Мойынсұну және қанағат тұту .....	48
<b>Жиырма бесінші хадис</b>	
Әйелдің екі ерекшелігі.....	49
<b>Жиырма алтыншы хадис</b>	
Зікір.....	52
<b>Жиырма жетінші хадис</b>	
Баласын күйеуге айырбастаған әйел.....	53
<b>Жиырма сегізінші хадис</b>	
Әйел тәрбиесі.....	55
<b>Жиырма тоғызыншы хадис</b>	
Әйелдің мешітке баруы.....	57
<b>Отызыншы хадис</b>	
Әйелдің күйеуіне құрмет көрсетуі .....	58
<b>Отыз бірінші хадис</b>	
Әйелді мейірімнен ұзақтататын амал .....	60
<b>Отыз екінші хадис</b>	
Әйелге жұмақтың иісін сездірмейтін амал.....	61

<b>Отыз үшінші хадис</b>	
Күйеуіне жапа шектірген әйелдің халі .....	62
<b>Отыз төртінші хадис</b>	
Азил (баланы алдырып тастау) .....	64
<b>Отыз бесінші хадис</b>	
Екі рет тұрмыс құрған әйелдің жұмақта қайсы күйеуімен бірге болатыны жайлы.....	65
<b>Отыз алтыншы хадис</b>	
Қиыншылықтан құтылу жолы.....	66
<b>Отыз жетінші хадис</b>	
Мүминнің басына түскен қайғысы тозаққа түсірмейтін қалқан болады .....	68
<b>Отыз сегізінші хадис</b>	
Жауапкершілік.....	69
<b>Отыз тоғызыншы хадис</b>	
Теңдік емес, әділет .....	71
<b>Қыркыншы хадис</b>	
Күйеулерінің хал-жағдайын айтқан әйелдер.....	73

## **ЕКІНШІ БӨЛІМ**

<b>1. Мұсылман қоғамындағы әйелдің орны .....</b>	<b>80</b>
– Әйелдің құқықтары .....	80
– Әйелдің міндеттері.....	81
– Әйелдің өзіне ғана тән қызметі .....	82
– Әйел этикасы .....	83
<b>2. Әурет.....</b>	<b>84</b>
– Намазда әурет жерлерді жабу .....	86
<b>3. Хиджаб кию .....</b>	<b>86</b>
– Өзге діндерде хиджаб кию үрдісі .....	87
– Хиджаб киюдің медициналық тұрғыдан пайдасы .....	89
– Хиджаб киюдің басқа да хикметтері.....	89
– Исламдағы әйел киімінің үлгісі.....	90
<b>Мазмұны.....</b>	<b>93</b>

**ӘЙЕЛДЕР ТҮРҒЫСЫНДА 40 ХАДИС  
ЖӘНЕ  
ӘЙЕЛ ӘДЕБИ**

Жауапты редактор: Батыржан Мансұров  
Сарапшы редактор: Рашит Абдрахманұлы, Ергали Алпысбаев  
Көркемдеуші: Жандар Рашитұлы

«Хикмет» баспа үйі ЖШС  
Алматы қаласы, Мамыр-4, №167 үйі

Байланыс телефондары: 255-63-57  
8 701 741 04 58, 8 701 380 65 10

Теруге 28.01.09 берілді. Басуға 25.03.09 қол қойылды. Пішімі 60x84 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>  
Офсеттік қағаз. Қаріп түрі «ММ Peterburg». Таралымы 1000 дана